

**«Қазақстан Республикасы Түркістан облысы Созақ ауданындағы  
Буденновское кен орнының №3 және №4 учаскелерін игеру жобасы»  
Өзгерістер мен толықтырулар» жобасына Ықтимал әсерлер туралы есеп  
бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар хаттамасы**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:

ММ "Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Бақырлы ауылы, Қаратау а.о. әкімінің аппараты"

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

Қазақстан Республикасы Түркістан облысы Созақ ауданындағы Буденновское кен орнының №3 және №4 учаскелерін игеру жобасы» Өзгерістер мен толықтырулар» жобасына Ықтимал әсерлер туралы есеп

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы.

«Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Біріңғай экологиялық нормал «<https://ecoportal.kz>».

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

Қазақстан Республикасы Түркістан облысы Созақ ауданындағы Буденновское кен орнының №3 және №4 учаскелері. Географиялық координатасы: 44°44'13"N; 67°39'16"E. 44°44'14"N; 67°40'25"E. 44°44'06"N; 67°40'47"E. 44°43'47"N; 67°40'42"E

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Бақырлы ауылы.

**6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:**

«Ақбастау» БК» АҚ, Түркістан обласы, Созак ауданы, Шолаққорған а.о., Шолаққорған ауылы, Жібек жолы к-сі, 67. БСН 061140001976, e-mail: e.zhangaly@gmail.com. тел: 7-700-222-45-33

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:

«Gravity Construction KZ» ЖШС-гі, БСН 940940001510, Алматы к-сы, Медеу ауданы, Шевченко к-сі, 5/92, тел: 87715542917, 87005542917, e-mail: mussekenova@mail.ru.

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

10.10.2024 ж., қоғамдық тыңдаулардың басталуы. сағ. 11:00-де Түркістан облысы, Созак ауданы, Қаратау а.о., Бақырлы ауылы, Қаратау а.о. әкімінің аппараты, Жиенбет батыр к-сі, 13А

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі:

Сұрау-хат пен жауап хаттың көшірмелері осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының **2-3-қосымшасында** ұсынылған.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына **4-қосымшада** көрсетілген.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

<https://ecportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=21087>

«Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі, жарияланған күні: 06.09.2024 з.

Ақпараттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына **5-қосымшада** келтірілген.

2) Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми галамтор ресурстарында «қоғамдық тыңдаулар» айдарында орналастырылған

<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/details/718102?lang=ru>

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

- Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландыруы 04.09.2024 ж. «АЙҒАҚ» №35 газетте орналастырылды;

хабарландырудың газет нұсқасы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына **6-қосымшада** келтірілген.

- «АЙҒАҚ» телерадиокомпаниясының эфирінде 2024 жылдың қыркүйек айының 03-04-і күндері. жарнама орналастырылды. эфирлік анықтама осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына **7-қосымшада** ұсынылған.

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Бақырлы ауылы, Қаратау а/о әкімшілігі мекенжайы бойынша 2 дана хабарландыру Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына **8-қосымшада** фотоматериалдар қоса беріледі

## **12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:**

*Қоғамдық тыңдауларды өткізу тілі ретінде қазақ тілі таңдалды.*

Дауыс берілді "қарсы емес" - 25, "қарсы" - 25, "қалыс қалды" - 25.

*Хатшы ретінде «Gravity Construction KZ» ЖШС-нің өкілі Мусекенова Г.М. сайланды.*

Дауыс берілді "қарсы емес" - 25, "қарсы" - 25, "қалыс қалды" - 25.

Ашық отырыстар нысанында қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидалары бекітілсін:

*1. Баяндама түріндегі материалдарға шолу. Ұсынылған уақыт шегі – 15 минутқа дейін.*

Дауыс берілді "қарсы емес" - 25, "қарсы" - 25, "қалыс қалды" - 25.

*2. Сұрақ-жауап, ұсыныстар, пікірлерге жауаптар. Ұсынылған уақыт шегі – 15 минутқа дейін.*

Дауыс берілді "қарсы емес" - 25, "қарсы" - 25, "қалыс қалды" - 25.

*3. Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылған уақыт шегі – 5 минут.*

Дауыс берілді "қарсы емес" - 25, "қарсы" - 25, "қалыс қалды" - 25.

*Регламент бірауыздан бекітілді.*

## **13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:**

*Баяндамашы: эколог – Жуманиязова Динара Жумабековна.*

Қоғамдық тыңдауларға ұсынылған құжаттар бойынша баяндаманың мәтіні (20 слайдтың көрсетілімі) осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына **9-қосымшада** қоса берілген.

**14.** Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі".

Қоғамдық тыңдаулардың осы хаттамасына 1-қосымшада қоғамдық тыңдауларға дейін және оның барысында келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі қоса берілген.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: Қоғамдық тыңдауға қатысушылардан есептің толықтығы мен қолжетімділігіне қатысты ескертулер мен шағымдар түскен жоқ.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексiне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Астауов Саулет Жамсанұлы   
11.10.2024 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

Мусеменовна Гүлзахра Мейрамбаевна  
11.10.2024 ж. 

## Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

р/с №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1.	<p><b>Омар І.Т., ауыл тұрғыны</b> – Мына қағаздарды бердіңіздер, ішінде қарайтыны көп. Жобалық мәліметтерді қоғамдық тыңдауға бір апта бұрын алдын ала жіберсеңіздер, сұрақтарымыз азайып қалар еді. Неге бір апта бұрын жібермедіңіздер?</p> <p><b>Омар І.Т., ауыл тұрғыны</b> –мынаны оқып шығайық, бір аптадан кейін келіңдер.</p> <p><b>Омар І.Т., ауыл тұрғыны</b> – сонда оны алдын ала жіберуге заң жоқ па? Жасырын қағаз ба?</p>	<p><b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b> – Осы қоғамдық тыңдаулар заңнама бойынша жасалынды, алдын-ала хабарландыру берілді, құжаттама порталға ілінді. Әкімдікке, управленияға айтамыз. Келесі жолы өткізген жағдайда алдын ала әкімдікке қағаз түрінде жіберейік.</p> <p><b>Естауов С. А. Әкім орынбасары</b> – бұл жерде заң бар, заң бойынша құжаттарды қағаз түрінде алдын ала бір апта бұрын, он күн бұрын жіберсін деген заң жоқ. Заң бар ол жақта.</p> <p><b>Шадыманов Е.М. ГИП</b> – Заңнама бойынша проект интернет желісіне жүктеледі. Бір тыңдасаңызшы. Заңнама бойынша интернет желісіне кіргіздік, газетке ақпарат берілді бір ай бұрын, телефондары бар, сол кезде телефонға звондап, маған қағаз күйінше жіберіндер, сонда біз сізге жіберуші едік, барлығын істейтін едік, телефондар жазылып тұр сіздерге мүмкіндік болсын деп, маған проект алып келші десеңіз біз жіберер едік, интернет жоқ екенін білмеуші едік.</p>	Ұсыныс
2.	<p><b>Еркінбаев Орал, ауыл тұрғыны</b> Негізгі сұрақ ол халық денсаулығы. Қазақстанның келесі ұрпақтың денсаулығы. Жасағанын жасадық қой. Негізі біз барлық жағдайды біз тексеріп отырамыз. Негізі сіздердің нелерің дұрыс емес. Халық түсіне ме жоқ па. Мысалы жан жақта малдар бар, иә. Кәзір қорада тұр үйір үйірімен, неге? Ақсап жатыр, қорада тұр аяқтарында жара шығып, іріндеп кеткен. Менде бес жылқыдан үшеуі үйде тұр. Сол экологияның бәлесі.</p>		Ұсыныс

	<p>Сендер келесіндер бәрін дайындап, әкімшілікке айттық деп, әкімшілік ештеңе айтқан жоқ бізге, қолымызда мынадай телефон бар. Бұл жерде қанша ардагерлер бар, анадай телефон ұстай алмаймыз, ұстамайды да. Негізі түсіндірілме жұмыс жасалуы керек.</p>		
3.	<p><b>Еркінбаев Орал, ауыл тұрғыны</b> Мен жолда көп жүремін Тайқоңыр жолымен. Не көп төгіліп жатыр, кислота төгіліп жатыр. Үш километрден бастап. Оны ешкім тексеріп жатқан жоқ.</p> <p>-Сен ол жақта істейсің бе, сен экологсың ғой</p> <p>-Ашық ол жақ, қоршалмаған</p> <p>-Мал кіріп су ішіп жатыр</p> <p>- Ол жерде үлкен түгінділер бар</p>	<p><b>Шадыманов Е.М. ГИП</b> – Жіберіп көрсеніңіші, видеоны салып.</p> <p><b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b>  – Оны негізі Департамент экологияға звондауға болады. Оларға звондап шағым жазуға болады.  -Жасалынып жатқан проект сіздерден 40 км ара қашықтықта орналасқан. Олардың өздерінің санитарлық-қорғау аумағы бар 500 м. Мен жауап берейін. Полигонның 500 м ара қашықтықта ешқандай мал жайылмайды.  -Ол аймақ қоршалынбайды</p> <p><b>Естауов С. А. Әкім орынбасары</b> – бұл жерде тек Ақбастау мүддесін қорғап жатыр. Ақбастау жайлы ғана айтасыз.</p> <p><b>Шадыманов Е.М. ГИП</b> – Мен сізге айтайын, бұл жерде кислотаны таситын Казатомпром логистика компаниясы, сіздер егер ондай факті көрсеніңіздер, суретке түсіріп шағымдануыңызға болады, ол сіздің еркіңіз. Біз оған жауап бермейміз. Контактісін береміз.</p> <p><b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b>  – ол жерде E-Otinish деген сайт бар, сол жердге любой шағым жаза аласыздар.</p>	Алынып тасталған ескерту

4.	<p><b>Тәжібеков Сансызбай, ауыл тұрғыны</b>          - Сұрақ былай Кен орын қоршалмаған ғой, бірақ мына жақта жатқандарына жауап бермейсіңдер ма?          - Жалпы мына өсімдіктерге, жануарларға әсері бар ма осының?</p>	<p><b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b>          – ол тек қана өздерінің территориясына жауап береді          - Ол егер жануарлар жанында болса, әсері болушы еді. Бірақ ол жерде баяғыдан бері жұмыс істеп жатқандықтан, техногенно освоенная территория.</p>	Алынып тасталған ескерту
5.	<p><b>Тәжібеков Сансызбай, ауыл тұрғыны</b>          - Мына сәуле бар ғой, сәуле өсімдіктерге қалай әсер етеді? Ол ананы жұтып ала ма, оттегіне шығара ма?          - Тасқа ол бармайды, ал өсімдіктер жұтып алады, мысалы адамдар жұмыс істейді ғой, жай қарапайым киімде жүрген жоқ кой, жұмысшыларға арнайы киімдер бар ғой          - Жоқ жалпы уранның нелері бар, қарапайым халыққа түсіндірсеңіз, заводтағы істеп жатқан балалардың уранның қалыпты жағдайы қандай</p>	<p><b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b>          – Әрдайым өздерінің мониторингісі бар  <b>Петров А.К., менеджер РБ и ООС</b>          - Ежеквартально лаборатория келеді, ауаға, радиацияға тексереді, арнайы дозиметрлері бар. Департаментке протокол жібереді, норматив бар, нормативтен аспайды          - Спецодежда бізге береді, специальный стирка компанияға жібереміз, бөлек спецодежда береді, спецодеждамен жүреді, ботинки, шалбар</p>	Алынып тасталған ескерту
6.	<p><b>Еркінбаев Орал, ауыл тұрғыны</b> Уранның радиациялық түрлері бар ғой, үш түрге бөлінеді, күштісі мына буденовскийда, білдіңіз ба? Ең жоғарғысын әкелген, сонда алмайды деп қайтарып жіберді, соншалықты күштілігі. Содан қорғау мәселесін шешіп жатыр үкімет.</p>	<p><b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b>          – Бұл шараларды өткізеді. Бұрғылау кезінде шлам шығады, бұл шламды лаборатория қарайды, ол радиоактивті, низкорadioактивті, немесе нерадиоактивный, әрқайсысына арнайы шаралар өткізіледі.  <b>Петров А.К., менеджер РБ и ООС</b>          - Специальная площадка бар, содан кейін жабылады да жіберіледі</p>	Алынып тасталған ескерту
7.	<p><b>Омар І.Т., ауыл тұрғыны</b> – Әлеуметтік мәселе қандай жасайсыздар?          Қаратауға, Ақбастауға, төрт жерге бердік. Қарттар күніне басқа аудандарына жасап жатыр, ал бізге бір нәрсе жасап жатқан жоқ. Самрұқ қазына қарияларды Түркістанға апарып келейік дедік,</p>	<p><b>Алтыбаев Е.М., менеджер РБ и ООС</b>          - Сіздер ұсыныстарыңызды беріңіздер.  <b>Сарыбаев Э.Ш., әлеуметтік жұмысы бойынша аға менеджер</b>          - Кешіріңіз, сөзіңізді бөлсем рұқсат па?</p>	Ұсыныс

<p>Қаратаудан, Сарыжаздан 40 шақты адам бар, соған бір автобус берейік деді, сонымен болды, автобус өздері апарды. Бір экскурсия жасасын деп 4 жерге хат жаздық.</p> <p><b>Омар І.Т., ауыл тұрғыны</b> – Ақбастаудың генеральный директоры келді ғой, Арнұр. Сол Арнұр мырзаға рахмет. Ал енді пәленбай мекеме бар ғой. Ақбастауда 3-4-ші енді ашылып жатыр ғой</p> <p><b>Омар І.Т., ауыл тұрғыны</b> – Түсініп жатырмын, өздерінің жобаларыңды қорғап отырсыздар шырылдап. Ана жерде қара жұмысшы 90 пайызы, ананы істе десе ананы істейді біз зейнеткер адамбыз, балдарым сол жерде істеп жатыр. Соның жағдайын жасап жатырмыз, сенің өзіңнің проектіңі қорғап отырсың. Біріншіден оларға денсаулығы керек, сондықтан қанша зияны жоқ өлшегені, сен кетіп қаласың.</p> <p>- Сұрағым сондай, анда жұмыс жасап ауаны жұтып жатыр, әлеуметтік жағдай жасалуы керек. Менің жеке ұсынысым, мынаны таратып, қарап шығамын өзім, бір жұмалан кейін жиналамыз.</p> <p>-Әлеуметтік жағдай керек</p>	<p>Әлеуметтік жағынан қарайтын мен боламын. Сіз айтып отырсыздар, мекемеге ұсыныс тастадық деп, Самрұққа қол сілтейік дегендей айтып қалдыңыз. Енді түсінішілікпен қараңыздар, шыны керек ол солай, Самрұқ Қазына траст деген бар, сол ұйымға біз сілтейміз, өйткені біз сол Казатомпром жақтан тапсырма келген қайырымдылық, ақшалай көмек деген қарастырылмаған. Түсінішілікпен қарауыңызды сұраймыз, шама келгенше правила солай рұқсат аламыз, шама келгенше істейміз.</p> <p><b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b> – Жоқ, №3-4 учасок – Ақбастаудікі, №2 учасок Қаратау</p> <p><b>Шадыманов Е.М. ГИП</b> – Жоқ, жаңадан емес, 2008 жылдан бері жасап жатыр</p> <p><b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b> – Сұрағыңыз қандай болады?</p> <p><b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b> – Енді мен сізге айтайын, біріншіден сіздің ұсыныстарыңыз мына отырған өкілдер жазып алады, есепке алады. Екіншіден заң бұзушылықты е-otinish сайтына жазыңыздар, Департамент экология өкілдеріне. Үшіншіден сіздің бір жұмадан кейін жиналайық деген ұсынысыңызға – заң бойынша алдында айтқандай бір ай бұрын хабарландыру бердік, Департаментке, Управленияға, Әкімшілікке бердік, радиоға бердік. Жағдай жасадық, бір жұмадан кейін деген болмайды. Кәзіргі кезде біз ықтимал әсер ету туралы есеп қарастырып отырмыз. Ең біріншіден біз заявка береміз, содан кейін екінші этап бар, осы сіздерді шақырдық, содан кейін дәл осы жоба бойынша рұқсат қағазын алу үшін қайтадан ашық</p>	
--	--	--

	<p>- Жоқ, әлеуметтік жағдай бұрын экология керек</p> <p>- Ешқандай әлеуметтік жағдай жасалынбайды, болғаны жасады, рахмет ол кісіге.</p> <p>- Сен оны біле бермейсің, 3 этапты жасап кетеді олар. Түсіндіріп отыр ғой. Мен жеке басымды айтып отырмын.</p>	<p>жиналыс жасаймыз. Сол кезде алдын ала сіздерге қағаз түрінде жібереміз</p> <p><b>Шадыманов Е.М. ГИП</b> – Әлеуметтік жағдай жайлы мына Ақбастау өкілі отыр, оған сұрағын қойсаңыз жауап береді.</p> <p><b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b> – Біз сізге 1 ай бұрын жобаны, презентацияны 3 этап кезінде жібереміз. Әлеуметтік жағдай жайлы өкілдер жазып алды, қайтадан келгенде қарастырайық.</p> <p><b>Естауов С. А. Әкім орынбасары</b> – бұл жерде тек экологиялық жағы қарастырылып отыр</p> <p><b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b> – Біз сіздің талаптарыңызды естідік. Енді шешейік. Хабарландыруды, жобаларды, бәрін жібереміз</p>	
8.	<p><b>Жүмеков Қ., ауыл тұрғыны</b> – Ақбастау, Қаратау, қайсысы екенін білмеймін, қазып тастады шұңқырларды.</p> <p>-ондай адамдар бар ма?</p> <p>-Осы сіздерге айтуға шаршадық</p> <p><b>Еркінбаев Орал, ауыл тұрғыны</b> Өсімдіктерін қайтіп өсіреді?</p> <p><b>Жүмеков Қ., ауыл тұрғыны</b> – Қазған жерін ценмент құйып, нөмірлеп, тегістейді Русбурмаш, ал қалғандары өмірлі тегістемейді.</p>	<p><b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b> – e-otinish-ке жазыңыз, қандай шұңқыр, қай учаскіде.</p> <p><b>Шадыманов Е.М. ГИП</b> – Уран таусылғаннан кейін ликвидация өткізіледі, жоба құрылады, ақша бөлінеді, тура қалай болды, солай жерді мемлекетке өткізеді. Өсімдігін өсіреді. Рекультивация бар, биологическая рекультивация.</p> <p>Ақбастауға Русбурмаш қана бұрғылайды. Ол регламент бар. Ақбастаудың регламенті бар, Русбурмашқа жасайсындар дейді, олар подрядчиктер, тек олар бұрғылайды, Ақбастау – өндіреді. Ақшасын төлейді, Ақбастау регламент береді де талап етеді. Контактісін береміз Департамент экологияның, олар следствие жасайды. Контролирующий орган. Фотосын видеосын түсіріп жіберіңіз.</p>	Алынып тасталған ескерту

9.	<p><b>Еркінбаев Орал, ауыл тұрғыны</b> Балалар жұмыстары жоқ.</p>	<p><b>Шадыманов Е.М. ГИП</b> – Алексей Петров жауап береді          Бізде Ақбастау бойынша сайт бар, сол сайттан вакансияларды қарайсыздар. Осы сұрақ жазып алады.  <b>Мусекенова Г.М. инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b> – Орысша айтсам болады ма? Есть такая услуга – e-gov, там есть такая услуга E-Otinish.</p>	
11.	<p><b>Омар І.Т., ауыл тұрғыны</b> – Хаттамаға бүкіл сұрақтарды түсіріңіздер.          Керек жоқ осы маған, жазсын түгелін</p>	<p><b>Шадыманов Е.М. ГИП</b> – Түсіреміз.  <b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b>          – Барлығы кестеге түсіріледі  <b>Мусекенова Г.М. инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b> – Есть правила, согласно которым проводятся регистрация участников общественных слушаний. Давайте я вам покажу эти правила. И вы с ними ознакомитесь.  <b>Жуманиязова Д.Ж., инженер-эколог ТОО «Gravity Construction KZ» ЖШС</b>          – Осындай кесте толтырылады. Барлық сұрақтар осында жазамыз.  <b>Шадыманов Е.М. ГИП</b> – Председательге сөз берейік.  <b>Естауов С. А. Әкім орынбасары</b> – жаңағы жоба бойынша ұсыныс пікірлеіріңізді хаттамаға енгізеді, сосын сіздерді таныстырады. Қоғамдық тыңдаудың қағидасы негізі бекітіліп қойған заң бойынша. барлық талаптары сақталды. Адамгершілік танытып келесі жолы барлығын алдын ала жібереміз дейді. Шыны керек маған бір ай бұрын хабарлама келеді. Интернетке, телевиденияға жарияланады. Бүкіл Қазақстанда интернет жоқ демейді, басқарма, департамент бар. Бір бірімен келіссөз жүргізіп жібереді. Бізге де ауданнан осы жерге халып жинап, хабарландыру жазған едім.</p>	Ұсыныс

	<p>Интернет болмау деген болмайды, қағидамен интернет барлық жерде бар. Хабарландыру жазылған. Бір ай бұрын интернетке салынған, мәліметтердің бәрі салынған, бұл кісілердің контакт нөмрлері жазылған, сол жерге хабарлап, бізге келеді екенсіздер, деп сұрауға болады. Енді бұған бұндай сұралмаған, енді бұл нәрсені сұрағаннан кейін алдын ала жібереміз дейді. Барлық ұсыныстар енгізіледі. Ақбастаудың қоғамдық тыңдау талқылауы өткізілді, хаттамаға барлығы енгізіледі, хаттаманы оқып шығасыздар.</p>	
--	--	--

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 24332751002, Дата: 27/08/2024

---

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

---

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: (участки № 3 и № 4 месторождения Буденновское)

---

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

---

Предмет общественных слушаний: Отчет о возможных воздействиях к проекту «Изменений и дополнений в «Проект разработки участков № 3 и № 4 месторождения Буденновское в Сузакском районе Туркестанской области Республики Казахстан»

---

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бакырлы, здание аппарата аким, 10/10/2024 11:00

---

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (40 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Газета "Айғақ"; Телерадиокомпания "Айғақ"

---

*(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

с.Бакырлы, аппарат акима Каратауского с/о

---

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "СОВМЕСТНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ "АКБАСТАУ" (БИН: 061140001976), 8-725-299-7390,  
S.MAUMOV@AKBASTAU.KAZATOMPROM.KZ,

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО «Gravity Construction KZ»

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов  
административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных  
слушаний**

исходящий номер: 24332751002, Дата: 28/08/2024

---

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №24332751002, от 27/08/2024 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях к проекту «Изменений и дополнений в «Проект разработки участков № 3 и № 4 месторождения Буденновское в Сузакском районе Туркестанской области Республики Казахстан», в предлагаемую Вами 10/10/2024 11:00, Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бакырлы, здание аппарата аким(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

---

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "СОВМЕСТНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ "АКБАСТАУ" (БИН: 061140001976), 8-725-299-7390,  
S.MAUMOV@AKBASTAU.KAZATOMPROM.KZ,

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО «Gravity Construction KZ»

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

10.10.2024 ж. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

№ р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Істауров С	ауыл әкімшілігі	87028736290	жеке	
2	Сркімбаев	ауыл тұрғыны		жеке	
3	Ісмаилов С	ауыл тұрғыны		жеке	
4	Моламанов	ауыл тұрғыны		жеке	
5	Өтегенов К	ауыл тұрғыны		жеке	
6	Қошамов С	ауыл тұрғыны		жеке	
7	Әбішев Д	Бет. денс. мекемесі	8-7018465168	жеке	
8	Мұхаммедов Л	ауыл тұрғыны		жеке	
9	Турмобоева М	ауыл тұрғыны	8778516465	жеке	
10	Құралимов Ф	Ауыл тұрғыны	8722191624	жеке	
11	Тәлибаева Ғ	Ауыл тұрғыны	8778679953	жеке	
12	Шүрәхалимов М	Ауыл тұрғыны	81056690680	жеке	
13	Құлибаева М	Ауыл тұрғыны		жеке	
14	Сркімбаева	Ауыл тұрғыны	87772338092	жеке	
15	Попроб А.К	международ РБ ООО "АД Акбастау"	77016669483	жеке	
16	Нұрмашев Т		8-775-159-6496	жеке	



## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақбастау» БК» АҚ-ы ҚР Экологиялық кодексінің 73 б. сәйкес 10.10.2024 ж. сағ. 11:00-де Түркістан обласы, Созак ауданы, Қаратау а.о., Бақырлы ауылы, Қаратау а.о. әкімінің аппараты, Жиенбет батыр к-сі, 13А мекен-жайында «Қазақстан Республикасы Түркістан облысы Созак ауданындағы Буденновское кен орнының №3 және №4 учаскелерін игеру жобасы» Өзгерістер мен толықтырулар» жобасына Бқтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетіні туралы хабарлайды.

**Жобаларды әзірлеуші:** «Gravity Construction KZ» ЖШС-гі, БСН 940940001510, Алматы к-сы, Медеу ауданы, Шевченко к-сі, 5/92, тел: 87715542917, 87005542917, e-mail: mussekenova@mail.ru.

**Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы:** «Ақбастау» БК» АҚ, Түркістан обласы, Созак ауданы, Шолаққорған а.о., Шолаққорған ауылы, Жібек жолы к-сі, 67. БСН 061140001976, e-mail: e.zhangaly@gmail.com. тел: 7-700-222-45-33

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz> және ЖАО "Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды басқармасы" ММ сайтында танысып өтуге болады. Мекен-жайы: Түркістан облысы, Түркістан қ, Б.Саттарханов даңғылы, 27П. E-mail: [a.shymabekova@ontustik.gov.kz](mailto:a.shymabekova@ontustik.gov.kz)

Жобаланатын объектілердің орналасуының географиялық координаттары: 44°44'13"N; 67°39'16"E. 44°44'14"N; 67°40'25"E. 44°44'06"N; 67°40'47"E. 44°43'47"N; 67°40'42"E

Әсер ету аймағының географиялық координаттары 44°21'48"N; 67°45'35"E.

Төтенше жағдай және/немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай енгізілгенде, қоғамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі. Сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09> Конференция Идентификаторы: 616 540 8596 Кіру коды: 123456

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілу күніне дейін 3 жұмыс күні мерзімінде қабылданады.

Қосымша ақпаратты келесі мекенжайда алуға болады: «Gravity Construction KZ» ЖШС-гі, ҚР, Алматы к-сы, Медеу ауданы, Шевченко к-сі, 5/92, тел: 87715542917, 87005542917, e-mail: mussekenova@mail.ru.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «СП «Акбастау», в соответствии с требованиями ст.73 Экологического кодекса РК, сообщает, что 10.10.2024 г. в 11:00 по адресу: РК, Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бакырлы, аппарат акима Каратауского с/о, ул. Жиенбет батыра д.13А проводятся общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях к проекту «Изменений и дополнений в «Проект разработки участков № 3 и № 4 месторождения Буденновское в Сузакском районе Туркестанской области Республики Казахстан».

**Разработчик проектов:** ТОО «Gravity Construction KZ», БИН: 940940001510, г.Алматы, Медеуский район, ул. Шевченко, 5/92, тел.: 87715542917, 87005542917, e-mail: mussekenova@mail.ru.

**Инициатор намечаемой деятельности:** АО «СП «Акбастау», Туркестанская область, Сузакский район, Чулаккурганский с.о., с.Чулаккурган, Жибек жолы, 67. БИН 061140001976, e-mail: e.zhangaly@gmail.com. тел: 7-700-222-45-33

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Адрес: Туркестанская область, г. Туркестан, проспект Б.Саттарханов д.27п. e-mail: [a.shymabekova@ontustik.gov.kz](mailto:a.shymabekova@ontustik.gov.kz)

Географические координаты проектируемого объекта: 44°44'13"N; 67°39'16"E. 44°44'14"N; 67°40'25"E. 44°44'06"N; 67°40'47"E. 44°43'47"N; 67°40'42"E.

Географические координаты территории воздействия 44°21'48"N; 67°45'35"E.

В случае введения чрезвычайного положения и/или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3-х рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по e-mail: [a.shymabekova@ontustik.gov.kz](mailto:a.shymabekova@ontustik.gov.kz).

Дополнительную информацию можно получить по адресу: ТОО «Gravity Construction KZ», РК, г.Алматы, Медеуский район, ул. Шевченко, дом 5/92, тел.: 87715542917, 87005542917, e-mail: mussekenova@mail.ru.

**Анонс!**

**ПРЕЗИДЕНТТІҢ АТЫНАН 100 АУЫЛҒА 10 МЫҢ КІТАП СЫЙҒА БЕРІЛДІ**

2 бетте



www.aigak.kz

RESPUBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙГЕК MEDIA

Gazet Qazaqstan Jymalstika Akademiasynyn "Altyn Juldız", Qazaqstan Jymalster odagynyn Tutar RYSQULOV және Settar ERYBAEV atyndagı sylyqtarynyn, "Altyn jurek" sylygynyn igeri



№35 /sarsenbi/ 04 qyrkúiek 2024 ж.

## Қ.ТОҚАЕВТЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНАН ТЕЗИСТЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл да дәстүрлі түрде 2 қыркүйек күні халыққа Жолдауын жариялады. Бұл Жолдау тоғыз маңызды бағыттан тұрды. Оқырман назарына Президенттің халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған негізгі тұстарын ұсынып отырмыз.

**БІРІНШІ. АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫ МЕН ФИСКАЛДЫ САЯСАТТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕСІМСІЗДІКТІ ЖОЮ ҚАЖЕТ.**

Фискалды реформа табысты болсын десек, салықтық өкімшілендіру ісін жаппай цифрландыру керек. Сыйбалас жемқорлыққа қатысты сын-қатерлерді барынша азайтып, салық саласындағы үдерістердің ашық болуын қамтамасыз ету үшін оны тезірек электронды форматқа көшірген абзал.

Салық берешегі осы шектен асып кетсе, қарыз сомасы аясында ғана шектеу қойылуға тиіс. Яғни, борышкердің банктегі есеп-шоты толық бұғатталмайды. Берешек сомасы тым көп болған жағдайда, кепілге мүлік қоюды талап етпей, қарызды бөліп төлеуге мүмкіндік берген жөн.

**«ЕКІНШІ. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ЖӨНЕ БИЗ-НЕС ЖҮРГІЗУГЕ ҚАЖЕТТІ**

**ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСARTУ ЖОЛЫНДА ҮЗДІКСІЗ ЖҰМЫС ІСТЕУ МА-ЫЗДЫ.**

Біз кәсіп иелерімен өзара келісімге келдік, яғни «капиталды заңдастыру» үшін міндетті түрде Қазақстан экономикасына қаржы салу қажет болады. Ең бастысы, салынған қаржы ел игілігіне жарауы керек. Бұл талапты нормативтік тұрғыдан бекітіп алу қажет. Тиісті реестрге енгізілген кәсіпкерлермен келісім жасаған кезде мемлекетке қайтарылатын активтерді «заңсыз» деп танымау туралы норманы бекітуге болады. Бұл — шын мәнінде, ірі кәсіп иелерінің мүддесіне сай келетін маңызды қадам. Бірақ кәсіпкерлер де қаржыны республикалық бюджетке аудару мәселесіне келгенде Үкіметпен және Бас Прокуратурамен тығыз байланыста жұмыс істеуге тиіс. Бұл — әр теңге үшін саудаласпай, қажетті шараның бәрін өз еркімен жасау керек деген сөз. Олар осы елдің азаматы ретінде мектеп, аурухана, стадион, музей және басқа да әлеуметтік-мәдени нысандар салуға қомақты қаржы бөлуге міндетті. Мұндай кәсіпкерлердің есімі жомарт жандардың «алтын тізіміне» жазылады. Ал одан бас тартқан немесе сөзбұйдаға салған кәсіпкер-

лерге қатысты өңгіме басқаша болады»

Әр кәсіпкер қолдаудың қандай түрі бар екенін және оған қалай қол жеткізе алатынын еш қиындықсыз біліп отыруы қажет. Сонда шағын бизнес орта бизнес санатына өтуге мүдделі болады. Бізде қазір қолдау шараларының 100-ден астам түрі бар.

Заңсыз алынып, пайдаланмай жатқан жер оңтайландырылған рәсім бойынша мемлекетке қайтарылуға тиіс. Ал жерді пайдаланушы оған инвестиция салып, адал еңбек етіп жатса, жұмысқа бөгет жасамау керек. Сондай-ақ оның ауылды көркейтп, тұрғындарға тұрақты жұмыс беріп отырығанын да ескерген жөн.

Көптеген меншік иесі өздері пайдасын көріп отырған жерден мыңдаған шақырым алыста тұрады, ондағы ауыл тұрғындарына қамқорлық жасау ойына кіріп те шықпайды. Бізге мұндай жер иелерінің қажеті жоқ. Үкімет пен Бас прокуратура оларға қатысты мәселені мықтап қолға алуда тиіс.

**«ҮШІНШІ. ЕЛІМІЗДІҢ**



**ӨНЕРКӘСІП ӘЛЕУЕТІН ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ЖАН-ЖАҚТЫ ШАРАЛАР ҚА-БЫЛДАУ ҚАЖЕТ.**

Үкімет 17 ірі жобаның тізімін жасады. Онда терең өңдеу тәсілін меңгеруге басымдық берілген. 3 шикізатымыз бен құрал-жабдықтарымызды барынша пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу маңызды.

Мұнай-газ-химия саласын одан әрі дамыту — маңызды міндет. Газ кеніштеріне геологиялық барлау жасау үшін жаңа инвестиция тарту тұрғысынан алғанда бұл шаралар өте маңызды. Әйтпесе, экономиканы қажетті көлемде газ-

бен қамтамасыз ету мүмкін емес

**«ТӨРТІНШІ. ИНФРАҚҰРЫЛЫМ-ҒА ҚАТЫСТЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ҚАЖЕТ.**

«Көп тұтынсаң — көп төлейсің» қағидатын басшылыққа алу қажет. Алайда тұтынушылар жеке монополистердің шыр-мауында жалғыз қалмауға тиіс. Заңнамаға әлеуметтік маңызы бар қызметтер деген ұғым енгізілуі керек. Оны мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі сияқты реттеген жөн»

**Атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум биылғы 6 қазанда өтеді.**

Теміржол саласында реформа жасау үшін тариф жүйесі қайта қаралуы керек. Бұл — айдан анық нәрсе. Жаңа тарифтер теміржол желісін қалыпты жағдайда сақтауға және оның тасымал қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. «Қазақстан темір жолы» компаниясы үш ірі инфрақұрылымдық жобаны қолға алды, яғни теміржол салып жатыр.

**Жалғасы 2-ші бетте ►**

**Заңсыз иемденілген активтерді қайтару** Әділетті Қазақстанды құру жолында қолға алынған маңызды қадамдардың бірі. Біздің елімізде бұрын-соңды болмаған бұл науқанның басталғанына да екі жылдан асып барады. Осы орайда арнайы құрылған Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комиссияның мүшесі, қоғам қайраткері **Әлихан БАЙМЕНОВТІ** әңгімеге тартып, аталған жұмыстардың барысы мен нәтижелері жайында сұрап білген едік.

— Әлихан Мұхамедияұлы, Президенттің ұйытқы болуымен басталған бұл үдерістің әділ қоғам орнатудағы маңызы қандай? Ел күткен сенім ақталды ма?

— Әділеттілік — адамзат баласы талпынатын ең басты құндылықтың бірі. Сонымен қатар ол мемлекеттік саясатқа сенім қалыптастырудың маңызды тетігі мен тірегі. Сол себептен заңсыз активтерді қайтару — өзге де өзекті шаралармен бірге «Әділетті Қазақстан» ұстанымын іске асырудағы маңызды бағыт.

Бірақ ол жалғыз бағыт емес. Қасіретті қаңтар әділеттілікке ұмтылған халық-

## ӘЛИХАН БАЙМЕНОВ: ЗАҢСЫЗ АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУДА АҚПАРАТТЫҚ АШЫҚТЫҚ ҚАЖЕТ

тың ерік-жігерін көрсетті. йткені наразылық мемлекеттегі жемқорлық, жүгенсіз кеткен байлардың жүріс-тұрысы, бай мен кедей арасындағы алшақтық секілді келеңсіздіктердің салдарынан туындағаны белгілі. Осының бөрі «Біз әділетсіз қоғамда өмір сүріп жатырмыз» деген түсінік қалыптастырды. Халықтың көшеге шыққанын сол кезде кім қалай пайдаланғысы келгені бөлек өңгіме. Ал Жаңаөзеннен басталған шеруді барлық өңірдегі жұртшылықтың жаппай қолдап шыққаны қалыптасқан келеңсіздіктердің асқынғанын көрсетті.

Әділетті Қазақстан құру ұстанымы — қоғамның сұранысына да сай бастама. Оның ішіндегі іргелі бағыт — өмірдің бар саласында әділетті бәсекелестік орнату. Экономикада да, ғылым мен білімде де, өнерде де, әдебиетте де — жалпы барлық салада шынайы әділетті бәсекелестік орта болса, ол жерде халықтың өз әлеуеті өзіне жұмыс істей бастайды. Ел ішіндегі шынайы сұңқарлар мен тұлпарлар барлық салада суырылып алға шығып, олар елді қарқынды дамытатын күшке айналар еді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қасіретті қаңтардан кейін ел бай-

лығының жартысын 162 адам иеленіп отыр дегені — үлкен мінберден тұңғыш рет айтылған ақиқат. Қазына мен қаржының азғантай ғана топтың қолында шоғырлануы елдің барлық саласының дамуын тежеп отыр. Егер осы бетімен кете берсе, бізде ешқашан тәуелсіз партия құрылмайды, тәуелсіз телеарналар жұмыс істемейді, тәуелсіз саясаттану ғылымы қалыптаспайды. йткені қаржының бөрі заңсыз байығандардың қолында. Ал қаржысыз жоғарыда айтылғандардың ешқайсысы жұмыс істей алмайды. Ондай жағдайда ешқашан біздің ортамыздан Стив Джобс, Джефф Безос, Илон Масктер де шықпайды. йткені қаржыны беретін бағанағы 162 адам ел ішіндегі таланттардың өздеріне балама күш болғанын қаламайды.

Әділетті қоғам құрудағы тағы бір жарқын қадам — Президенттің «Ұлттық қор — балаларға» атты жобасы. Инвестициялық табыстың бір бөлігі 18 жасқа толғанша балалардың шотына аударылып отырады. Биыл жыл басында алғашқы төлем жасалынды. Бұл да ел тарихында бұрын-соңды болмаған жаңалық.

Үшінші қадам — монополияға қарсы күрес. Бұл — жоғарыда айтылған ел

байлығының азғантай адамдардың қолына шоғырлануынан туындаған дүние. Сол қалталылармен, шенеуніктермен ауыз жаласқан топтар елдің кейбір салаларын әлі де ұстап отыр. Яғни мәселе өзектілігін жойған емес. Осы проблеманы шешуге Президентіміз өзі бастамашы болып, серпін берді.

АҚШ-та, Германияда неге «Tesla», «Amazon», «Microsoft», «Mercedes» секілді ірі ұйымдардың қолындағы активтерді мемлекет меншігіне қайтарамыз деген мәселе көтерілмейді? Себебі олар — өз еңбектерімен жаңалық ашып, жаңа өнім шығарғандар. Ал біздегі байлардың басым көпшілігі жаңадан ештеңе ойлап таппай, дайын асқа тік қасық болып, бұрынғы уақытта салынған зауыттарды, ата-бабамыз қорғап қалдырған жеріміздің астындағы байлықты мемлекеттен түрлі қитұрқы жолмен, соның ішінде көп жағдайда пара беріп қалтасына басқан. Сондықтан заңсыз активтерді қайтару қоғам тарапынан да бірден қолдау тапты. Мемлекеттік саясатқа да сенім қалыптастыруға бағытталған бұл жұмыс алдағы уақытта пәрменді түрде жалғаса беруге тиіс.

**Жалғасы 5-ші бетте ►**

## ПРЕЗИДЕНТТИҢ АТЫНАН 100 АУЫЛҒА 10 МЫҢ КІТАП СЫЙҒА БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Қазақстанның 100 ауылының кітапханаларына көркем әдебиеттер сыйға тартылды. Президент тартуы «Ауыл кітапханаларына 100 кітап» акциясы аясында табыс етілді, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қазақстанда «кітап оқитын ұлтты» қалыптастыру қажеттігіне баса назар аударған болатын.

«Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең теге жолы — кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бастамасы отандық және әлемдік әдебиеттің соңғы үлгідегі туындыларын шалғайдағы ауыл кітапханаларына жеткізіп, өскелең ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталып отыр.

Кітаптар Мемлекет басшысының атынан еліміздің дамуына елеулі үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, соғыс ардагерлерінің, белгілі қаламгерлер мен мәдениет майталмандарының, ғалымдардың туып-өскен ауылдарына жолданды.

Акция аясында Халық Қарманы Сағадат Нұрмағамбетовтің, қазақтың қаһарман қыздары Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәмбетова, Хируз Доспанованың, талантты актер өрі режиссер Шәкен Аймановтың, көрнекті ақын Илияс Жансүгіровтің, жазушы Герольд Бельгердің туып-өскен ауылдарындағы кітапхана қорлары толықты.

Сондай-ақ Шәмші Қалдаяқов, Қасым Аманжолов, Кемел Ақышев, Әбіш Кекілбайұлы, Фариза Оңғарсынова, Әбілхан Қастеев, Біржан сал, Сәкен Сейфуллин, Төлеу Көбдіков, Кенен Әзірбаев секілді белгілі тұлғалардың және басқа да бірқатар ауылдарға кітаптар



топтамасы жолданды.

Ауыл кітапханаларына берілген кітаптар арасында әлем және қазақ әдебиетінің үздік шығармалары, балалар әдебиетінің жауһарлары, комикстер, қазіргі заманғы проза мен поэзия, тарихи, танымдық-ағартушылық әдебиеттер бар.

Мемлекет басшысының атынан барлығы 100 ауылға 10 мың кітап сыйға берілді.

«Ауыл кітапханаларына — 100 кітап» акциясына Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, министрлер, түрлі ұйымдардың басшылары мен белсенді азаматтар қолдау көрсетуде.

Ақорда.

## «БЕСКЕ ДЕЙІН ҮЛГЕР»: МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Ата-аналарға балаларды ерте жастан күту және дамыту бойынша консультациялық көмек көрсету үшін «Беске дейін үлгер» мобильдік қосымшасы іске қосылады, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.



облыстарының мектепке дейінгі ұйымдарымен бірлесіп пилоттық режимде сынақтан өтуде. Оны толық масштабта ұйымдастыруда жүйеге

асырылады. Сондай-ақ оның мазмұны сабақтарға арналған идеялар мен практикалық кеңестер ұсыныла отырып, консультациялық орталықтарда пайдаланылатын болады», — деп атап өтті Мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Манар Адамова.

Мобильді қосымша мектепке дейінгі ұйымдардың консультациялық пункттерінде қолжетімді болады. Ата-аналар мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша тәулік бойы әдістемелік және психологиялық көмек ала алады.

Астана.

## ШЕКАРА МАҢЫН РЕТКЕ КЕЛТІРУ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Сарыағаш ауданындағы «Жібек жолы» кеден бекетін ретке келтіру бойынша жауапты сала басшыларымен кездесті. Бұл бағытта кезең-кезеңімен ауқымды жұмыстар жүзеге аспақ. Жиналыста осы мақсатта жүзеге асырылатын Түркістан облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының жобасы жан-жақты зерделенді. Қазақстан мен збекстан арасындағы жолаушылар ағымы және жүк көліктері қозғалысы үшін аса маңызды бекет тәулік бойы жұмыс істейді. Сарыағаш ауданындағы «Жібек жолы» кеден бекеті — тек Қазақстан мен збекстан шекарасында ғана емес, Орта Азиядағы ең ірі кеден бекеттерінің бірі саналады. Күн сайын шекарадан 40 мыңға дейін жолаушы, 1200 жеңіл автомобиль және автобус өтеді. ткізу пунктінің есептік өткізу қабілеті тәулігіне 17 500 адамды құраса, адамдардың нақты ағыны 2,5 еседен асады.

## ҚАҢЛЫ МӘДЕНИЕТІНЕ ТИЕСІЛІ ЖӘДІГЕРЛЕР ТАБЫЛДЫ

Орталық музейдің археология бөлімінің мамандары Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Қызылкөл ауылы маңында орналасқан археологиялық ескерткіште далалық зерттеу жұмыстарын аяқтады. Зерттеу объектісі Қызылкөл тарихи-мәдени нысанда орналасқан Фибадатхана және екі қорған болды. Нәтижесінде, қаңлы мәдениетіне қатысты, б.з.д. II ғасырға жататын бірегей артефактілер табылды, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Қазба жұмыстары кезінде ірі қара және ұсақ малдың сүйектері мен мүйіздері, тас дәнүккіш, келі, диірмен т.б. еңбек құралдарының бөліктері, қыш ыдыс тұтқалары, киімге арналған түйме фрагменттері алынды. Фибадатхананың батыс бөлігінде ашылған бөлменің ішінде 60 см



тереңдікте гүрптық бұйым (курильница) ыдысының кішкене бөлігі сақталған цилиндр пішінді, табаны жайпақ тұғыр табылды.

Ескерткіштің биік таулар мен көлдерге жақын орналасуы, гибадатхананың ерекше құрылымы мен табылған жәдігерлердің түрлері құрылыстың гүрптық гибадатхана ретінде пайдаланылғанын көрсетсе, тас құралдар егіншіліктің, атап айтқанда, егін жинаудың дамығанын көрсетеді.

Орталық музей археологтары Қазақстанның көне тарихының жаңа парақтарын аша отырып, еліміздің әр өңіріндегі тарихи нысандарда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуді алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастыруды жоспарлап отыр.

Түркістан.

## Қ.ТОҚАЕВТЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНАН ТЕЗИСТЕР

Оның жалпы ұзындығы мың шақырымнан асады. Бұл жобалар бекітілген мерзімде және өте сапалы іске асырылуға тиіс»

2,5 мың шақырымға созылатын облысаралық және ауданаралық жолдарды орта деңгейде жөндеуге арналған бағдарламаның мән-маңызы зор. Дәл осы жолдармен жұрт өте жиі жүреді. Сондықтан бағдарламаның ауқымын кеңейтіп, оған кемінде 10 мың шақырым жолды қамтуды тапсырамын. Әрине, мұнда саннан гөрі сапа маңыздырақ. Сол үшін инновациялық заманауи әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданған абзал.

2025 жылы Каспий теңізі арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобасы аяқталмақ. Еліміз үшін бұл жобаның маңызы зор. Сол арқылы мәліметтердің халықаралық арнасымен және трансшекаралық ағынымен байланысты цифрлық инфрақұрылым құра аламыз.

Ішкі өзе бағдарларын дамытуға айрықша назар аударған жөн. Бұл, әсіресе, негізгі туризм нысандарының инфрақұрылымын жақсарту үшін маңызды. Балқаш және Алакөл демалыс аймақтарындағы ұшу-қону жолақтары толық жаңғыртылды. Қатонқарағай, Зайсан және Кендірлі өңірлерінің де туристік әлеуетін дұрыс пайдалану қажет. Осындай демалыс аймақтарында сапасы жоғары жол инфрақұрылымы бар өзе бекеттері мен өзежайлар салу керек.

неркәсіпті дамыту қорының есебінен кіші авиация ұшақтарын алған жөн. Туризм жобаларын жүзеге асырғанда табиғатқа зиян келтірмей, экологияны сақтау барынша маңызды екенін ерекше атап өткім келеді»

Қазіргі заманда біз кез келген қатерге дайын болуымыз қажет. Сондықтан қарғын суды жинап, диқандардың қажетіне жарату үшін оны дұрыс сақтай білген жөн. Гидрология бекеттерін жөндеп, жаңғырту қажет. Суды барынша үнемдеу жұмысын ұйымдастыру керек. Бұл — ең алдымен, ауыл шаруашылығына қатысты мәселе, яғни су үнемдеу технологиясын, әсіресе, ауыл шаруашылығында кеңінен қолдану қажет.

«БЕСІНШІ. ЕЛІМІЗДІН КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН БІР-ТІНДЕП АРТТЫРУ ӨТЕ МА-ЫЗДЫ

Жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажет. Үкімет колледжде жақсы оқыған түлектерді мамандығы бойынша мемлекеттік қызметке алу мүмкіндігін қарастыруға тиіс.

Жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажет. Үкімет колледжде жақсы оқыған түлектерді мамандығы бо-

йынша мемлекеттік қызметке алу мүмкіндігін қарастыруға тиіс.

2025 жылдың соңына дейін заманауи үлгідегі 217 мектеп пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Осы өте маңызды жұмысты «Самұрық-Қазына» қоры қадағалап отыр. Үкімет пен әкімдер бұл шаруаға белсене атсалысуға тиіс. Депутаттар да ортақ істен шет қалмайды деп ойлаймын.

Ата-аналар мемлекеттің жеке меншік мектептерге нақты көмек беріп жатқанын білуге тиіс. Осыған орай әр балаға норматив бойынша бөлінген қаражат көрсетіліп тұруы қажет.

«АЛТЫНШЫ. ҰЛТ САУ-ЛЫҒЫН НЫҒАЙТУ ҮШІН КЕШЕНДІ ШАРАЛАРДЫ ҚОЛҒА АЛЫП, ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУ-МЕТТІК ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІН ЖА-ҒЫРТУ КЕРЕК

Заңға енгізілетін өзгертулер бұқаралық спорт пен балалар спортын дамытуға зор серпін береді. Сондай-ақ болашақ жеңімпаздар шоғырын даярлауға жол ашады. Депутаттар осы маңызды заң жобасына айрықша мән бергені жөн деп санаймын.

«ЖЕТІНШІ МӘСЕЛЕ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ЖАҚСARTU — АЛДЫМЫЗДА ТҮРҒАН НЕГІЗГІ МІНДЕТ-ТІН БІРІ.

«Таза Қазақстанның» аймақтарда сапалы жүзеге асуына әкімдер тікелей жауапты. Олар жұртқа істің мән-маңызын түсіндіріп, жұмысты дұрыс үйлестіруге міндетті. Аймақ басшысы тек шаруашылықпен ғана айналыспайды.

«СЕГІЗІНШІ. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ІСІНІН ТИІМДІЛІГІН БАРЫНША АРТТЫРУ КЕРЕК.

Мемлекеттік органдар өз жұмысын жетілдіру үшін азаматтардың өтініштерін талдауға көбірек назар аударуға тиіс.

2025 жылдан бастап аудан және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері тікелей сайлау арқылы ғана қызметке келеді. Әкімдердің өкілеттік мерзімі аяқталуына қарай яғни, ротация мерзімі жеткенде сайлау біртіндеп өткізіле береді.

«ТОҒЫЗЫНШЫ. ҚОҒАМДА ЗАН МЕН ТӘРТІП ИДЕОЛОГИЯСЫН ТЕРЕН ОРНЫҚТЫРУ ҚАЖЕТ.

Менің басты міндетімнің бірі — Қазақстанды қауіпсіз өрі жайлы елге айналдыру. Құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелді.

Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы — айрықша маңызды міндет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты.

## ЕРКІН ГАББАСОВ - ПАРАЛИМПИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ

Финалда R1 классында винтовкамен 10 метрге пара нысана көздеуден сынга түскен Еркін Габбасов 247.7 ұпай жинап, күміс жүлде жеңіп алды.

Алтын медальды 249.4 ұпай жинаған Корея спортшысы Парк Дж, ал қола медаль 226 ұпай жинаған Дания елінің спортшысы еншіледі.



## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТИІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Әрілік коммуникациялар қызметі алаңында «Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының 2024 жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмыс қорытындылары» тақырыбында баспасөз конференциясы өтті. Жиында Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы - Утебаева Жанат бірсейітқызы қаладағы жұмыспен қамту шараларының нәтижелері мен болашақ жоспарлары туралы ақпарат берді.

Шымкент қаласында биылғы жылға жоспарланған жұмыспен қамту шараларының нәтижелері ашық түрде жарияланды. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Шымкентте 56,9 мың адамды жұмыспен қамту бағдарламасына қатыстыру көзделген. Осы мерзім ішінде 27 168 адам бағдарламалардың артықшылықтарын пайдаланып үлгерді.

Қазіргі уақытта жоспар бойынша 30 207 адамды жұмыспен қамту, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдау көзделген.

Бұл ретте:

- 4 176 адамға кәсіпкерлік дамьтуға жағдай жасау;
  - 7 453 адамды субсидияланатын жұмыс орындарына орналастыру;
  - 14 846 адамды бос жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру;
  - 3 752 адамды кәсіптік оқытуға бағыттау жоспарланған.
- Есепті кезеңде 17 163 адам осы шараларға қатысып, жоспар 56,8 пайызға орындалды. Осы жылға дейін 42 524 адамды қамту жоспарланған.

Сонымен қатар, Шымкентте іске асырылып жатқан концепциялар мен қала дамуының 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламалары аясында 26 482 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Оның ішінде 3 040 жұмыс орны концепциялар негізінде және 23 342 жұмыс орны жеке бастамалармен құрылатын нысандарға (балабақшалар, спорт кешендері, білім беру ұйымдары, дәріханалар және т.б.) қарастырылған.

Биыл 1 тамызға дейін 10 005 адам жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар, ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша 2024 жылы 273 жастарға шағын несиелер беру жоспарлануда.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы жариялаған бұл мәліметтер Шымкенттегі әлеуметтік қолдау мен жұмысқа орналастыру шараларының тиімділігі мен кең ауқымдылығын көрсетеді.

Сондай-ақ, басқарманың айтуынша әлеуметтік әлсіз топтар үшін 400 АЕК көлеміндегі қайтарымсыз гранттар беру жұмыстарында биыл жоспар артығымен орындалған.

Шымкент қаласында биыл әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту шаралары бойынша елеулі өзгерістер мен жетістіктер орын алды. Қалада жұмыспен қамту шараларын нақты көрсеткіштер мен мақсаттарға сай жүзеге асырылуда.

2019 жылдан бері халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына бизнес-жобаларын іске асыру үшін 400 АЕК көлемінде қайтарымсыз гранттар беріледі. Биыл Шымкентте 426 адамға грант беру жоспарланған болатын, бірақ комис-

сияның шешімімен 428 адамға қаржылай қолдау көрсетілді. Бұл жоспардың артығымен орындалуының себебі — комиссия мүшелері қаржы бөлуі оңтайландырып, қосымша екі жобаны қаржыландырды. Гранттар мал шаруашылығынан қызмет көрсету саласына дейінгі түрлі бағыттарға бөлінді.

Сондай-ақ, 2024 жылдың алғашқы жеті айында 7 797 отбасындағы 40 419 адамға атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 29,7 пайызға төмендеген. Жыл басынан бері атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың саны азайғанымен, 1-6 жас аралығындағы балаларға берілетін қосымша төлемдер жалғасуда. Қазіргі таңда, атаулы әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген кедейлік шегінен аспайтын азаматтарға беріледі.

Ал қалада 41 406 мүгедектігі бар азамат тіркелген. Оларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында түрлі құралдар мен қызметтер беріліп отыр. Мысалы, протездік-ортопедиялық құралдарға 6 520 өтініш қабылданып, 4 111 құрал қамтылды. Сонымен қатар, мүгедектерге арналған қол арба, тифлотехникалық құралдар және жеке көмекші қызметтері де көрсетілуде. Шипажайларға жолдама алуға 11 607 өтініш қабылданып, 6 314 азамат қамтылды.

Шымкенттің әлеуметтік бағдарламаларының тиімді жүзеге асырылуы қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған. Бұл шаралар халықтың әл-ауқатын арттыру мен қоғамның барлық мүшелерінің тең мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз ету мақсатында атқарылып жатыр.

## АРЕНДАЛЫҚ ПӘТЕРЛЕРДІ ТЕКСЕРУ БАРЫСЫНДА 23 ПӘТЕР ҚАЙТАРЫЛДЫ

Шымкент қаласында тұрғын үй мәселесін шешу мақсатында маңызды шаралар қолға алынууда. Қала тұрғындары үшін тұрғын үй мәселесін шешу бойынша қолға алынған шаралар қаланың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған.

2024 жылы Шымкентте мемлекеттік бағдарлама аясында 364 пәтер құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар, нарықтан сатып алу арқылы бұл көрсеткішті 1000 пәтерге жеткізу жоспарланып отыр. Жаңа пәтерлер коммуналдық тұрғын үй қорына өткізілгеннен кейін:

- 449 пәтер халықтың әлеуметтік осал топтарына,
- 351 пәтер көпбалалы отбасыларға,
- 200 пәтер жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға беріледі.
- Жыл соңына дейін жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз 900 жалдамалы пәтер ұсынылмақ. Бұл шара жастардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға және жұмысқа тартуға бағытталған. Қалада 2274 пәтер жеңілдетілген 2-10-20 және 5-10-20 бағдарламалары бойынша кезекте тұр-



ған азаматтарға беріледі. Бұдан бөлек, 244 пәтер несиелік негізде Отбасы банк арқылы қолданысқа табысталды.

Шымкент қаласында мемлекеттік тұрғын үй қорынан сатып алу құқығынсыз 8000-нан астам азамат арендалық пәтермен қамтылған. 2023 жылы 2000-нан астам пәтер тексеріліп, 68 отбасы тұрғынжайды мақсатсыз пайдаланғаны анықталды. 2024 жылы 626 пәтер тексеріліп, 20 отбасы үшінші тұлғаларға пәтерлерін жалға бергені анықталды. Нәтижесінде, 23 пәтер өз еркімен мемлекет қорына қайтарылды.

Бұл шаралар Шымкент қаласының тұрғын үй мәселесін тиімді шешу және әлеуметтік қолдау көрсету үшін маңызды қадам болып табылады. Жоспарлар қаланың тұрғын үй жағдайын жақсарту мен әлеуметтік көмек көрсету бағытында жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

## ҚАМҚОР БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Шымкент қаласында тұрғын үй мәселесін шешу мақсатында жүзеге асырылып жатқан Қамқор өңірлік бағдарламасы аясында маңызды қаржылық қолдау шаралары қабылданды. Биылғы жылы жергілікті бюджеттен 5 миллиард теңге және «Отбасы банк» АҚ-нан 3 миллиард теңге бөлініп, жалпы 8 миллиард теңге көлеміндегі қаражат тұрғын үй несиелендіру мен қолдау шараларына бағытталған.

Қамқор бағдарламасының негізгі шарттары:

- Несиенің ең жоғары мөлшерлемесі — 20 миллион теңгеге дейін;
- Пайыздық мөлшерлеме — 6%;
- Бастапқы жарна — 10%-дан кем емес;
- Несиенің максималды мерзімі — 25 жыл.

Тұрғын үй тек бастапқы нарықтан ғана алуға мүмкіндік беріледі. Бағдарламаға журналистер мен БАҚ қызметкерлері, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, коммуналдық сала мамандары, және мемлекеттік мекемелер қызметкерлері қатыса алады.

2024 жылы бағдарламаның аясында 400-ден кем емес отбасы тұрғын үй несиелерімен қамтамасыз етіледі. Бұдан бөлек, 200 млн. теңгеге қайтарымсыз тұрғын үй сертификаттары берілуде. Ағымдағы жылдың 22 қаңтарынан бастап құжаттар қабылдануда және 218 азаматқа 199,9 млн. теңге көлемінде сертификаттар берілді. Екінші жартыжылдықта тағы 300 млн. теңге бөлініп, қосымша сертификаттар беріледі.

Бүгінгі таңда 60 азаматқа қайтарымсыз сертификаттар табысталды. Қамқор бағдарламасы арқылы тұрғын үй алу мүмкіндіктері мен қолдау шаралары қала тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған және олардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға үлкен септігін тигізеді.

Сайрам тұрғыны алабындағы жарты ғасырлық тарихы бар ерекше балаларды тәрбиелеп, білім беретін мекеме ағымдағы жылы 12 маусым күні «колледж» дәрежесін алды.

Мектеп — интернат 1979 жылы арнайы оқытуды қажет ететін балаларға арналған көмекші мектеп-интернат болып, 2021 жыл 12 мамырда — «Сайрам көмекші мектеп-интернат-колледж» арнайы кешен» болып қалыптасқан.

Ерекше білім алатын балаларды тәрбиелеумен қатар, білім беріп,

оларды өмірге бейімдеп, мамандық бойынша дайындайтын мекемелер қатарынан орын алған бұл кешенде 300-ден аса бала, 200 дей қызметкер жұмыс жасап келеді.

Ерекше білім алатын балалар түрлі іс-шараларға қатысып, байқаулардың жүлдегерлері атанып, тәрбиеші, мұғалімдерімен қоса ата-аналарын да қуантып отыр.

Колледжде ағаштан жасалған бұйымдарды құрастырушы, тігінші мамандықтары бойынша кәсіп

меңгертсе, алдағы уақытта аспаз мамандығы, аяқ киім шебері мамандықтары бойынша топ ашып, мамандар дайындайды.

Қазіргі таңда, 48 талапкер оқуға құжат тапсырып, студент атанды. Олар ішінде:

3W07221402 — «Ағаштан жасалған бұйымдарды құрастырушы» мамандығында - 23 студент.

3W07230101 — «Тігінші» мамандығына — 25 студент оқуға қабылданды.

Бетті дайындаған: Аружан МАТТАЙ.



## ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КОЛЛЕДЖ АШЫЛДЫ

## АЙМАҚ БАСШЫСЫ ИНВЕТОРЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Қытай Халық Республикасынан келген инвесторлармен кездесті. Басқосуда облыстағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Ауыл шаруашылығы өндірісіне заманауи технологияны енгізудің маңыздылығын ерекше атап өткен өңір басшысы осы бағытты дамыту бойынша бірқатар жобалармен бөлісті. Тараптар агро-өнеркәсіп саласында іскерлік қарым-қатынасты орнатуға ниетті.

Түркістан облысында жұмыс істеуге қызығушылық танытып отырған шетелдік компаниялар ауыл шаруашылығы, азық-түлік өндірісі секілді салаларды дамытуда бірлесе жұмыс жасауға дайын. Жаңа зауыт, фабрикалардың іске қосылуы өңір халқының әл ауқатын жақсартуға түспек. Ең бастысы — жаңа жұмыс орындары ашылады.

Бүгінде Қазақстан экономикасына тартылған инвестиция бойынша Қытай Халық Республикасы үздік 5 елдің қатарына кіреді. Таяуда ғана, облыс әкімі Дархан Сатыбалды бастаған облыс делегациясы ҚХР-ға іссапармен барып, Түркістан облысы мен осы елдің бірқатар провинциясы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған болатын. Алдағы уақытта осы өріпестік негізінде тиісті жұмыстар атқарылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде іске асырылып жатқан барлық инвестициялық жобалардың



бірыңғай пулы қалыптастырылған. Түркістан облысында қытайлық компаниялардың қатысуымен өңіраралық кооперацияны дамытудың өлеуеті жоғары. Облыс әкімі Дархан Сатыбалды өңірдің негізгі инвестициялық алаңдары — индустриялық аймақтар және «Turkistan» арнайы экономикалық аймағы туралы айтып берді. Аталған алаңдар инвесторларға дайын инфрақұрылымы бар жер учаскелерін, сондай-ақ түрлі салықтық жеңілдіктерді ұсынады. Түркістан облысы бойынша дайын инфрақұрылымы бар 9 индустриялық аймақ орналасқан. Сонымен қатар 42 шағын өнеркәсіптік аймақтың құрылысы жүргізілуде. Биыл 9 шағын өнеркәсіптік аймақтың құрылысы аяқталады деп күтілуде.

— Мемлекет басшысының екі ел арасындағы серіктестікті жаңа деңгейге көтеріп, Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын толығымен қолдайтыны белгілі. Озық технология саласында зор табысқа жеткен аспан асты елінің мүмкіндіктерін әлем мойындап отыр. Біз үшін біздің берлескен жобаларымызды дамыту, жаңа жобаларды жүзеге асыру

— өте маңызды. Ауыл шаруашылығы саласы Түркістан облысы экономикасының негізгі драйвері болып саналады. Осы саланы дамытуда бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайынбыз. Жақында ғана облыс делегациясының ҚХР-ға іссапары аясында Шэньси, Хубэй, Хэнань провинцияларының губернаторларымен кездесіп, инвестиция тарту, тәжірибе алмасу және өзара қарым — қатынасты дамыту мәселелері талқыланып, екі жаққа тиімді жобаларды жүзеге асыруға келістік. Осы бағыттағы жұмыстарды бірлесе жүзеге асыруға шақырамын, — деді облыс әкімі.

Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы өнімі өткен жылы 2,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Түркістан облысының мал шаруашылығы республикада жетекші орын алады. Мал шаруашылығы өнімі республика бойынша 11 пайыздық үлеспен 470 миллиард теңгеге жетті.

Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық, Ұлы Жібек Жолы құрылғаннан бері дамып және өркендеп келе жатқан екі ел арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастың дамуына ықпал етеді. Қазақстан «Бір белдеу — бір жол» жобасының бірлескен бастамашысы және пилоттық аймағы болып табылады және ерекше өрі маңызды орын алады. Түркістан облысы ҚХР-дың өңірлерімен екіжақты өңіраралық қарым қатынасты нығайтуға қарқынды жұмыс жасап жатқаны белгілі.

## ӘРБІР ӨТІНІШ САПАЛЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНДЕ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Тұрғындардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару, кері байланыс орнату, ашықтық, диалогқа дайын болу — мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдығының бірі. Түркістан облысында тұрғындармен кері байланыс, қоғаммен ашық қарым-қатынас жасау жұмыстары жүйелі жолға қойылған. Облыс әкімі аппараты тұрақты түрде қала, аудан әкімдері аппарат басшылары, тұрғындар тарапынан түскен өтініштермен жұмыс істейтін бөлім басшыларының қатысуымен жиындар, семинар-кеңестер өткізіп тұрады. Азаматтардың өтініштерінің қаралуы мен мерзімінің сақталуына тұрақты түрде талдау жасалады.

Түркістан облысы әкімінің аппаратына жеке және заңды тұлғалардың тарапынан 7 айдан бері түскен өтініштердің қаралуына талдау жасалды. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс талаптарының сақталуы қатаң қадағалауда. Бұл туралы аппарат басшысы Еркеғали Әлімқұловтың төрағалығымен өткен жиын барысында талқыланды.

Осы уақыт ішінде түскен өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй алу, жер алу, білім, әлеуметтік қорғау, құрылыс және денсаулық сақтау салаларының мәселелерін қамтиды. Түркістан, Кентау, Арыс қалаларының және Мақтаарал, Сарыағаш, Жетісай ау-

дандарының тұрғындары белсенділік танытқан. Жыл басынан бері жалпы 37 мыңнан астам өтініш-хаттар түскен.

— тініштерге сапалы жауап беру мен қарау мерзімдерінің сақталуы қатаң бақылауда. Кодекс талаптарын сақтай отыра жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштер қаралып, мерзімінде жауап жолданады, яғни қараусыз қалдырылмайды, — деген аппарат басшысы өтініштердің қаралуы бойынша ұдайы оқыту семинарларын жүргізу және жаңа қабылданған мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру туралы тапсырмалар берді.

Жиында жұмыс сапасын жақсартуға бақытталған ұсыныстар қаралды. Мемлекеттік және квазимемлекеттік органдарға кодекс талаптарын сақтай отыра, өтініштер мен тапсырмалардың сапалы және мерзімінде орындалуын қамтамасыз ету қажет. Статистикалық деректерді толықтыру сапасы мен өтініштердің қаралуына қатаң бақылау жүргізіледі. Негізсіз басқа мекемеге бағыттау фактілерінің алдын алу мен шешім жобалары бойынша тыңдау өткізу қамтамасыз етіледі.

Айта кетейік, тұрғындар өз өтініштерін egov.порталы, e-otinish бірыңғай базасы арқылы немесе өкімдікке келіп жазбаша қалдырады

## КЕНТАУДАҒЫ ЖЫЛУ ЭНЕРГО ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖӨНДЕУ БАРЫСЫ КЕЗЕКТІ РЕТ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Жылыту маусымына дайындықты тоқтатпаған Түркістан облысы, Кентау қаласындағы жылыту орталығының қайта құру жұмыстары мерзімінен кешікпеу керек. Стратегиялық маңызы бар нысанда атқарылып жатқан әрбір жұмыс облыс әкімі Дархан Сатыбалдының, құзырлы орган және департамент басшыларының тікелей бақылауында. Жауапты тұлғалардың басын қосып штаб кеңесін өткізген облыс басшысы тиісті тапсырмалар берді. Жиынға құқық қорғау органдарының басшылары да қатысты.

Штаб отырысында 4 су айдайтын құрылғы мен 14 шақырымнан астам тозығы жеткен жылу құбырын ауыстыру барысы бойынша жан-жақты есеп алынды. Жылу беру маусымына дайындық мәселелері үлкен әлеуметтік маңызға ие екенін атап өткен облыс әкімі жылыту маусымының тұрақты өтуі үшін қажетті шараларды қабылдау қажеттігін ескертті. Құрылысқа, жөндеу жұмысына жауапты әрбір маманның, инженердің атқарған жұмыстары да талқыланды. Жұмысына селқос қараған кәсіпкерлерге жауапкершіліктің күшейтілгенін ескертті.

Жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасовтың, мердігер мекеме басшылығының есептері тыңдалды. Жылу орталығының қазіргі жай-күйі туралы жауапты кәсіпорын өкілдері баяндады. Қазандықтарды реконструкциялау жұмыстары бекітілген кестеге сай, үздіксіз жүруде. Нысан басында екі ауысымда 200-ден астам жұмыс істеп жатыр.

— зара үйлесімді, бірлескен іс-қимылды бұдан да күшейту қажет. Сіздерден тек дер кезінде сапалы жұмысты қабылдап алуымыз керек. Басқа маңызды тірлік жоқ. Бар күш-жігерді осы жобаға бағыттаңыздар. Жұмысты ширатып, дер кезінде абыроймен аяқтау керек. Оған дейін тынымсыз жұмыс істеу керек, — деді Дархан Сатыбалды.

90 жылдық тарихы бар «Кентау-сервис» Жылу энергия орталығында 8 қазандық бар. Қазіргі таңда оның алтауы — күрделі жөндеуден, екеуі — ағымдағы жөндеуден өтіп жатыр. Биыл жылыту маусымында 4 қазандық толық іске қосылса, ал қалған 4 қазандық резервтік күйде болады.

Сондай-ақ Кентау қаласындағы тозығы жеткен 14 шақырым магистралдық жылу жүйелері мен 4 кері сорғы станцияларын қайта құру жұмыстары жүруде. Сонымен қатар жылу орталығын басқару станциясы заманауи технологиялармен толық автоматтандырылып жатыр. Айта кетсек, қалада орталықтандырылған жылу жүйесіне 14 мыңға жуық абонент қосылған.

## ОБЛЫСТЫҢ 75 МЫҢ ТҰРҒЫНЫ ГАЗБЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Түркістан облысы елді мекендерді газдандыруда елімізде көш бастап тұр. Халық санымен есептегенде, 1 млн 750 мыңнан астам халық немесе облыс тұрғындарының 81,5% табиғи газбен қамтылады. Бұл еліміздегі жалпы көрсеткіштің 28,4 пайызы. Яғни, газбен қамтылған әрбір үшінші ауыл Түркістан өңірінде орналасқан. Биыл 75 мың халық табиғи газбен қамтылады. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды бұл бағыттағы жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

Ел тұрғындарын газбен қамтамасыз ету — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұдайы назар аударып отырған басым бағыттардың бірі. Халық игілігіне айналатын бұл маңызды жоба Түркістан облысы бойынша жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Өсіресе ауыл-аймақтарды газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

ткен жылы өңірде 45-тен астам елді мекен газдандырылған болатын, бұл көрсеткіш республикада өңірлер арасындағы ең жоғарғы нәтиже болды. Сондай-ақ Түркістан облысында жылдар бойы тоқтап тұрған 40-тан астам газ нысандарының мәселесі шешілді. 1,5 жылдың ішінде сақалды құрылыс ретке келтіріліп, 120 мыңнан астам тұр-

ғын үй табиғи газбен қамтылды. Бұл жұмыстар Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының жіті бақылауымен жүзеге асуда.

Облыс басшысы Дархан Сатыбалды ағымдағы жылы да осы қарқынды төмендетпеуді тапсырған болатын. Тиісінше, биыл да облыста 54 нысан құрылысы аяқталып, 47 елді мекенде 75 мыңға жуық халыққа көгілдір отын жеткізу бойынша жобалар іске асырылуда. Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Самұрық Қазына қоры арқылы қосымша 10 млрд.тг бөлініп отыр. Аталған қаражаттарды бөлуде Дархан Амангелдіұлының тапсырмасына орай газдандыру көрсеткіштері төмен Мақтаарал, Жетісай, Шардара, Бөйдібек аудандарына басымдық берілуде.

Осы және басқа да газ мәселелері бойынша бүгінгі мәжілісте облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Мұздыбеков баяндады. Халық санының өсуіне және экономикалық даму өсеріне байланысты қолданыстағы газ тарату станцияларының қуаттылығы жеткіліксіз болуы себепті өткен жылы облыста 2 газ тарату станциясы пайдалануға берілді. Ағымдағы жылы дәл осындай газ тарату станциялары Сары-

ағаш және Қазығұрт аудандарында ел игілігіне пайдалануға берілді. Ал, жыл соңына дейін тағы да 3 газ тарату станциясын іске қосу жоспарда екендігі баяндалды. Жиын қорытындысы бойынша облыс басшысы тарапынан бірқатар тапсырмалар берілді.

— Газдандыру қарқынды тоқтатпауымыз қажет. Сондай-ақ газ жеткізілген соң абоненттеу жұмыстарын жергілікті атқарушы орган мен «КазТрансГаз» ұйымы бірлесіп нақты шараларды қабылдау қажет. Жобалардың мерзімінде аяқталуы - жауапты тұлғалардың басты міндеті, деді облыс әкімі Дархан Амангелдіұлы.

Тұрақты жұмыс нәтижесінде биыл Түркістан облысы тұрғындарының газбен қамту көрсеткіші 84,9 % -ға жетеді. Облыс елді мекендерін 100 % табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында «Түркістан облысы бойынша табиғи газбен қамтамасыз етудің 2023-2027 жылдарға арналған іс-шара жоспары» облыс әкімдігімен бекітілді. Жоспарға сәйкес, облыстағы 319 елді мекенді (469,6 мың халық) 2027 жылы табиғи газбен қамтамасыз етуге қол жеткізеді. Жалпы, елді мекендерді газдандыру жұмыстары тұрақты бақылауда және жүйелі түрде ары қарай жалғасатын болады.

**– Жуырда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі екі жыл ішінде 1 трлн теңгеден астам актив мемлекет меншігіне қайтқанын мәлімдеді. Бұл күткен нәтиже ме, әлде қайтарылған активтер бұдан да көп болуы керек пе еді?**



ты айтатын. Мемлекетке заңсыз активтерді мүлік түрінде қайтарудың бір жолы — еліңде орналасқан өзінің иелігіндегі кәсіпорындарға ақша құйып, жаңа жұмыс орындарын ашу. Бұл жерде айта кету керек, қалтасында миллиардтаған қаражаты бар адам өзінің бір кішкене дүңгірше-

және нормативтік-құқықтық актілерде көрініс тапты. Сонымен бірге заңнамалық актілерді дайындауға халықаралық сарапшылар тартылды.

БҰҰ-ның 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында бұл мәселеге аса назар аударылған. Оның сыбайлас жемқорлықтан түскен кірістерді қайтаруға қатысты ережелері халықаралық құқықты маңызды серпіліс әкелді.

Конвенция басқа елдерде орналасқан қылмыстық кірістерді қайтаруды

цария, АҚШ, Сингапур, Малайзия, Аустрия, Финляндия және басқа да бірқатар елдің мемлекеттік органдарымен тығыз ынтымақтастық орнатты.

Еліміздің Batin активтерін басқару жөніндегі Балқан ведомствоаралық желісінің бақылаушысы мәртебесіне ие болғаны туралы да айтылып жүр. Осы саладағы озық тәжірибелерді зерделеу заңсыз активтерді қайтару тәсілдері мен тетіктерін жетілдіруге ықпал ететіні сөзсіз.

**– Мәселенің салдарымен емес,**

## ӘЛИХАН БАЙМЕНОВ: ЗА-СЫЗ АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУДА АҚПАРАТТЫҚ АШЫҚТЫҚ ҚАЖЕТ

— Әрине, кез-келген адам осы жылдардағы сыртқа шығарылған, заңсыз иелікке өткен активтердің көлемін, біздегі жерасты байлығының қалай тоналғанын, сол жүгенсіз кеткен қалталылардың қалай өмір сүріп жатқанын көрсе, бұл қайтарылған сома жеткіліксіз деп ойлайтыны сөзсіз. Комиссия отырыстарында арнайы тізімге іліккен адамдардың қолындағы заңсыз иемденген байлықтарын, мешкейлік дегеннің шексіз екенін, олардың қаншалықты бетімен кеткенін көргенде тіпті қарадай отырып жиіркенесің. Қолына іліккен нәрсенің бәрін ала берген. Олар Қазақстанды өздерінің жекеменшік кәсіпорны ретінде қарап, елдің байлығын жаппай тонап, тіпті өзара бәсекелестікке түскен.

Қасіретті қаңтардан кейін қоғамда үлкен серпіліс болып, әбден жүгенсіз кеткен өлгі байшықештер тартынғандай болған. Қазір кей жерде байқайтынның, сол қалталылар қайтадан бұрынғы тіршіліктерін аңсап, өзара бәсекеге түсіп, халық қазынасына көз салғысы келетін секілді. Баяғыдай ел байлығын заңсыз жымқыруға мүмкіндік бола ма деп үміттенетіндей көрінеді. Лауазымдағылар бір-бірінің қалтасының қалыңдығына қарап сыйласатын заманды аңсайтын сияқты. Бірақ Президент олардың мұндай арам пиғылдарына енді жол бермейді деген сенімдемін.

**– Елдің қазынасын армансыз тонаған адамдардың аттарын атауға бола ма?**

— Біз комиссия мүшесі ретінде тізімге кірген адамдардың атын атауға заң талабына сай қолхат бердік. Сондықтан олардың кім екенін айта алмаймын. Ал тізімге кірмеген адамдардың атын атауға бола ма деген сұрақ қазір басы ашық тұр. Ол қандай жағдайда жүзеге асырылуы керек? Халықтың көзі соқыр емес. Олар да ертең заңсыз жолмен байып жатқан адамдарды байқап: «Бұлар неге тізімде жоқ?» деп талап етуі мүмкін. Бұны Бас прокуратура немесе Үкімет түсіндіріп бере ала ма? Осы тұрғыда қазір қолданыстағы заңнама жетілдірілуі керек. Реті келгенде айта кетейін, биыл біздің комиссияның тізіміне енген бір азамат та мемлекетке көп көлемде қаражат қайтарды. Яғни ол өзінің қолындағы дүниесінің бір бөлігі заңсыз жолмен келгенін мойындап, алдын ала әрекет жасады.

**– Бытыршылда айында қабылданған «Заңсыз иемденілген активтерді қайтару туралы» заңды жетілдіру керек дедіңіз. Осы ойыңызды сабақтап түссеніз.**

— Бір гүлама: «Заң өсіп келе жатқан адамға пішілген киім секілді болуы керек. Тым тар болса, оның өсуін тежейді. Тым кең болса, сүрініп құлайды» деген екен. Аталған заң жұмыс істеп келе жатқалы бері біраз тәжірибе жинақталды, қоғамдық сана өсті. Заң дер кезінде қабылданды әрі біз оның жұмыс нәтижесін көріп отырмыз. Бюджетке мол ақша қайтарылды. Ендігі кезекте уақыт талабына сай оны жетілдіру керек. Әсіресе жариялылық жағына баса мән беру керек.

Мысалы, бір күмөн тугызатын жайт-

тіне аздаған ақша салса, оны есептеу қажет пе? Ол дүңгіршекке салынған қаржы өзінің тұрып жатқан үйінен де арзан болуы мүмкін. Осы мәселеге байланысты комиссия отырысында сұрақ көтердім. Мені бір депутат қолдады. Біз Үкіметке «Сіздер белгілі сала, бағыттарды анықтап беріңіздер. Тек сол салаға салған қаржы есепке алынсын» деп ұсыныс тастадық. Міне, осындай сұрақтарға заң негізінде жауап берілуі керек. Сондықтан қазіргі қолданыстағы заң осы кезге дейін жинақталған тәжірибе негізінде қайта пысықтап, жетілдірілуді талап етеді.

**– Халық арасында бай-бағландардан қайтарылған қаражат пен дүние-мүлік тағы да басқа біреулердің қалтасына кетіп қалмай ма деген күдік бар. Бұл жағды қалай қадағаланады?**

— Комиссия құзыретіне қайтқан қаржы әрі қарай қайда, қалай жұмсалады деген мәселе кірмейді. Бірақ бұл — қоғам үшін маңызды сұрақ. Мен жоғарыда заңсыз активтерді қайтару жолында ашықтық керек деп жаттырмын ғой, сонымен қатар жинақталған қаражаттың жұмсалыу бағыты да көбірек ашық болғаны дұрыс деп есептеймін.

Ең бастысы, бюджетке қайтарылған ақша бүкіл елге қызмет жасайды. Екінші жағынан, мысалы, нақты мына мектеп бір ұрының қайтарған ақшасына салынды деп айтуға ата-аналар келісе ме, келіспей ме — бұл да үлкен сұрақ. Кейбіреулер өз баласының ұрланған ақшаға салынған мектепте оқып жатыр дегенге іштей қарсы болуы мүмкін. Сондықтан бұл — екшеп барып берілетін ақпарат. Бірақ ең басты мақсат — қайтарылған қаржы бюджетке кіріп, ел игілігіне жұмыс істеуі не экономикаға инвестиция болып құйылуы керек.

Бұл жерде тағы бір үлкен мәселе бар. Қонақүй, пәтер, зауыт гимараты секілді мүлік түрінде қайтқан активтерді өкілетті орган өкілдері бағалап, қабылдайды. Занда бағалауды тәуелсіз сарапшылар атқарады деп көрсетілген. Егер жарты жылдың ішінде сол қайтарылған нысан айтылған бағаға сатылмаса, ол үшін тәуелсіз сарапшылар мен өкілетті органның жауапкершілігі қандай болмақ?

Бұл нысанды тапсырғаннан кейін одан аргы жауапкершілік мемлекеттің мойнында. Оны ұстап тұрудың өзіне қанша шығын кетеді. Сондықтан бұл мәселені де заңда қарастыру керек.

**– Әлемде осы тәжірибені қолға алған біз секілді басқа мемлекеттер бар ма? Оны зерттеп көрдіңіздер ме?**

— Ең алдымен, шетелге заңсыз қаржы шығару мәселесі, әсіресе жекешелендіру жүргізілген, олигополиялар қалыптасқан және билік пен бизнес бірігіп кеткен өтпелі экономикасы бар елдер үшін өзекті екенін атап өту керек. Жоғарыда айтылғандай, комиссия құрылмас бұрын ауқымды жұмыстар жүргізілді. Осы мақсатта Бас прокуратура жанынан халықаралық комиссия құрылып, ол шетелдің тәжірибесін зерттеді. Ол стратегияны әзірлеуде

тікелей қарастырылған алғашқы халықаралық құрал болды, онда төркіленген активтерді репатриациялау тетіктері мен шарттары егжей-тегжей сипатталған. Сонымен бірге конвенцияда қылмыстық үкімсіз мүлікті төркілеудің (NCBC) маңыздылығы атап өтілген. Бұл қылмыскер қайтыс болған, қашып кеткен немесе жоқ болған жағдайда да активтерді қайтаруға мүмкіндік береді.

Ашық дереккөздердегі ақпаратқа сәйкес кейбір елдер Конвенция қабылданғанға дейін NCBC жүйесін енгізген. Мысалы, Антигуа мен Барбуда 1996 жылы ақшаны жылыстатуды болдырмау туралы заң қабылдады. АҚШ 2000 жылы азаматтық активтерді төркілеуді реформалау туралы, Аустралия, Колумбия және Ұлыбритания NCBC туралы заң қабылдады. Активтерді төркілеу жүйелері Болгария, Канада, Фиджи, Италия, Малайзия, Нидерланд, Жаңа Зеландия, Нигерия, Перу, Филиппин, Оңтүстік Африка республикасында да бар.

Жемқор шенеуніктер мен «ақ жағалы» қылмыскерлер ұрлаған ұлттық байлықтың едәуір бөлігі күрделі заңды тетіктер арқылы шетелге шығарылып жатыр. Бұл тетіктер Ұлыбританияда, Швейцарияда және АҚШ-та шоғырланған халықаралық қаржы инфрақұрылымын пайдаланады. Осы елдерге жаһандық қаржы орталықтарын басқару отырып, ұрланған активтерді төркілеу және келген еліне қайтару бойынша проактивті шаралар қабылдауда ерекше жауапкершілік жүктеледі.

Осыны ескере отырып, 2017 жылы АҚШ пен Ұлыбритания ұйымдастырған алғашқы Ғаламдық активтерді қайтару форумында (GFAR) активтерді әділ және ашық түрде қайтаруға бағытталған қағидалар әзірленді. Швейцария үкіметі мен Дүниежүзілік банк осы қағидаларды ілгерілетуде жетекші рөл атқарды. Заңсыз иемденілген активтердің қайда қайтарылып жатқандығы — негізгі мәселенің бірі. Олар мемлекет қазынасына қайтару емес, мүлікті қайта бөлу секілді көрінбес үшін бұл үдерістер ашық өткізіліп, толық ақпарат берілуі керек.

**– Ал еліміздің осы саладағы тәжірибесіне басқа мемлекеттер тарапынан қандай баға беріліп жатыр?**

— Заң қабылданғанға дейін Transparency International, Global Witness, Дүниежүзілік банк, БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы (UNODC) сияқты бірқатар халықаралық ұйым мен сарапшылар тарапынан еліміздің активтерді қайтару үдерісін жақсартуға қатысты кейбір ұсыныстар болғанын білеміз, олардың заң қабылдану барысында сарапталғаны және ескерілгені сөзсіз.

Заң күшіне енгеннен кейін уәкілетті орган активтерді қайтару саласында халықаралық ынтымақтастық бойынша үлкен жұмыс жүргізіп жатқаны туралы ақпарат бар. Атап айтқанда, оның өкілдері ЕҚЫҰ, Еуропа кеңесі, БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы, Нидерланд, Бельгия, Швей-

**себебімен күрескен дұрыс. Қолында билігі мен байлығы барлар халық қазынасын заңсыз жолмен тонамауы үшін не істеу керек?**

— Ең алдымен, құқық қорғау органдары мен сот жүйесінде сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес жүргізіліп, парақорлардан тазартылуы қажет. Бұл — осы мақсаттағы ең маңызды шара. Одан кейін мемлекеттің бизнес субъектілеріне беретін барлық жеңілдік пен артықшылығын толық тексеру қажет.

«Самурақ-Қазына» қорының уәкілеттіктерін дұрыс анықтау маңызды. Аталған қор мен басқа да ұлттық компаниялардың ешқайсысы мемлекеттік органдар айналысатын құзыреттермен қосымша айналыспауы керек. Осы секілді мәселелерді шешу үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін реттейтін «Мемлекеттік корпорациялар туралы» заң қабылдануы қажет деп санаймын.

Сонымен қатар мемлекеттік активтерді пайдаланудағы ашықтықты қамтамасыз ету керек. Мысалы, өйгілі ҚТЖ-ны алайық. Біз өзімізді цифрлық мемлекетпіз, көп елден алдамыз деп мақтанамыз. Ал жүк вагондарын бөлу, жолға рұқсат беруге келгенде әлі күнге ол жұмысты адам атқарады. Бұл жемқорлыққа мүмкіндік тугызады.

зімізге қарағанда соншама қазба байлығы жоқ Грузия мен Збекстанның теміржолымен жолаушы тасымалдауы бізден сапалы екенін көргенде, бұл саланың тұралап қалғанына көз жеткізесің. ҚТЖ-да мұнай саласы секілді тиімсіз басқарудың үлгісі. Есесіне сол саланың арқасында қаншама адам заңсыз миллиардер болды.

Осыдан келіп шығатын тағы бір мәселе — ортақ игіліктерді бөлу кезінде блокчейн-технологияны пайдалану қажет. Ел игілігін бөлуде, сондай-ақ салық, кеден жеңілдіктерін беруде де блокчейн-технология болу керек.

Заңсыз иемденілген активтерді қайтаруды, сыбайлас жемқорлықпен, мемлекет мүлкін жымқырумен бітіспес күресті Президенттің өзі бастап берді. Заң қабылданды. Енді осы бағыттағы жұмыстар толастамауы керек. Бұл — ең алдымен Үкімет пен Бас прокуратураның, оның тиісті комитетінің жауапкершілігіндегі іс.

Бұл жерде айта кетер маңызды мәселе — біз инвестициялық ахуалға да зиян келтірмеуіміз керек. Ол бұзылса ел экономикасы дамымай қалады. Сондықтан мемлекет өлімжеттік жасап тартып алмай, заң аясында олардың құқықтарын сақтай отырып, ақпаратты ашатын жерде гана ашып, бір жағынан өділеттілікті қалпына келтіру, екінші жағынан ұрлап-жырпаған қаражатты өз экономикамызға салуға әрекет етеді. Әділетті Қазақстанды қалыптастыруда осындай қадамдар маңызды.

**– Өңіміңізге рахмет.**

**Өңгімелескен —  
Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,**

«Egemen Qazaqstan» газеті, 30.08.2024 ж.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

“Sinooil” ЖШС ШФ Түркістан облысы, Түркістан қаласы, 162 кв, жер телімі 308 мекенжайында орналасқан №36 жанармай құю бекеті үшін қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (ecorportal.kz) 11 қыркүйек айында қолжетімді болады.

Ескертулер және ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. Жергілікті атқарушы органның электрондық почтасы және почталық мекенжайы: g.malik@ontustik.gov.kz, 160023, Түркістан қаласы, шағын аудан. Жаңа қала, көше 32.20.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ШФ ТОО «Sinooil», сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел охрана окружающей среды для автозаправочной станции АЗС №36 расположенной по адресу: Туркестанская область, г.Туркестан, кв.162, уч 308.

Проектная документация будет доступна на Едином экологическом портале (ecorportal.kz) с 11 сентября.

Замечания и предложения принимаются в течении 5 рабочих дней.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: g.malik@ontustik.gov.kz, 160023, г.Туркестан, мкр. Новый город, улица 32,20.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазушар» ШЖ РМК Түркістан филиалы», «Түркістан облысы, Отырар ауданы Қоғам ауылындағы «Серібек» шаруашылық аралық каналын қайта жаңғырту» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары бірыңғай экологиялық порталында (https://ecorportal.kz) қолжетімді болады. Ескертулер және ұсыныстар 11.09.2024ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады, bgm-86@mail.ru тел:+77079476947.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик «Туркестанский филиал РПГ на ПХВ “Казводхоз” Комитета по водным ресурсам Министрства экологии и природных ресурсов РК» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Реконструкция межхозяйственного канала Серібек в с/о Қоғам Отырарского района Туркестанской области»

Проектная документация доступна на едином экологическом портале (https://ecorportal.kz). Все замечания и предложения принимаются с 11.09.2024г в течение 5 рабочих дней, bgm-86@mail.ru тел:+77079476947.

## БАЛАБАҚША КЕЗЕГІНЕ БАЛАНЫ ҚОЮ

Ата-аналар баласын балабақшаға беретін уақыт келгенде, оларға неден бастау керек, қайда бару керек және қандай іс-әрекеттер жасау керек деген сенімді ақпарат қажет.

Баланың балабақшаға баруы үшін бірінші кезекте оны елді мекенде (қала, ауыл, кент) кезекке қойып, оның жылжуын бақылап, жолдама алып, қажетті құжаттарды жинап, балабақшаға жазылу рәсімінен өтіп, қажетті заттарды жинау керек.

Бұл материалда біз баланы балабақшаға орналастыру процедурасын сипаттайтын боламыз.

**Баланы балабақшаға кезекке қалай қоюға болады?**

Қалаларда кезек баяу қозғалады және тек бірнеше жылдан кейін, шамамен бала мектепке бару керек кезге дейін пайда болады. Сондықтан баланы туганнан кейін бірден балабақшаға кезекке қою дұрыс болады.

Кезекке тұруға келесі тәсілдермен жүгінуге болады:

- «электрондық үкіметтің» порталындағы онлайн қызметі арқылы;

- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ға қажетті құжаттармен бару;

- сілтемелер қалалар мен аудандар әкімдіктерінің және білім бөлімдерінің сайттарында жарияланған порталдар арқылы (мысалы, indigo24.kz, balabaqsha.snation.kz, balabaqsha.openalmaty.kz және т.б.).

Онлайн өтініш беру үшін бөлек сервиске өту керек:

- Баланы балабақшаға кезекке қою тініште сіз баланың ЖСН-ін көрсетіп, қалаған балабақшаны белгілеп, ЭЦҚ-мен қол қоюыңыз керек. Кезек келгенде сіз таңдаған балабақшаға жолдама бар хабарлама аласыз.

Әкімдіктердің сервисі де осындай принциппен жұмыс істейді.

Егер сіз «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы жүгінуге шешім қабылдасаңыз, онда сізде төмендегі құжаттар болуы тиіс:

- баланың туу туралы куәлігі;
- ата-анасының біреуінің жеке куәлігі;

- өскери қызметшінің немесе арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерінің жұмыс орнынан берілген, үкілетті адамның мөрімен және қолымен куәландырылған (болған жағдайда) анықтама (берілген күннен бастап бір ай ішінде жарамды);

- білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен расталған мұғалімнің жұмыс орнынан анықтама (берілген күннен бастап бір ай ішінде жарамды), дипломның сканерленген көшірмесі;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған психологиялық-педагогикалық-педагогикалық консультацияның қорытындысы (бар болса);

- фтизиатрдың қорытындысы;
- мектепке дейінгі ұйымда басым орын алу құқығын растайтын құжаттар.

**Балабақшаға кезекте қалай бақылауға болады?**

Баланың балабақша кезегін онлайн режимінде бақылауға болады:



- «электрондық үкіметтің» порталындағы онлайн қызметі арқылы;

- Telegram боты арқылы;
- сілтемелер қалалар мен аудандар әкімдіктерінің құрылымдары мен бөлімдерінің сайттарында жарияланған сервистер арқылы.

Мектепке дейінгі ұйымға кезек қалай бөлінеді?

- нақты балабақшаға кезек жоқ;
- ол аумақтық принцип бойынша қалыптасады: қала, ауыл, кент;
- әр елді мекенде тапсырыс баланың туган жылына сәйкес бөлінеді;

- кезек келгенде, сіз бос орындары бар қолайлы балабақшаны таңдайсыз.

Әрбір кезекте жеңілдігі бар балалар бар, атап айтқанда, олар кезектен тыс және бірінші болу мәртебесіне ие.

Кезектен тыс тұрған балалар - бұл өскери қызметкерлер мен арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің балалары.

Бірінші кезектегі балалар - заңды өкілдері мүгедек балалар; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балалар; көпбалалы отбасылардың балалары; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар; мүгедек баласы бар отбасылардың балалары; мұғалімдердің балалары.

Кезектегі өтініштер берілген күні бойынша сұрыпалады. Кезектің басында кезектен тыс балалар болады, олардан кейін - бірінші кезектегі және жеңілдігі жоқ 3 үміткер, содан кейін қайтадан бірінші кезектегі және жеңілдігі жоқ 3 үміткер және т.с.

Кезек тек алға ғана емес, артқа да қозғалуы мүмкін, яғни егер жеңілдігі барлар кезекке тұрса, онда, өрине, кезек артқа жылжиды.

**\*Бос орындар қалай бөлінеді?**  
Балабақшалардан күн сайын портал бос орындар туралы ақпарат алады.

Балабақшалардан алынған тізімдер күнделікті бос орындар тізімінде порталда жарияланады.

Күн сайын жүйе аталған тізімдерге кезектің алғашқы қатысушыларына 3 жұмыс күні ішінде қол жетімділікті ашады.

Қатысушылар саны жас топтары бойынша алынған бос орындар санымен анықталады.

Рұқсат алған үміткерлер тізімінен балабақшаны таңдап, таңдалған балабақшаға электронды түрде жолдама жасайды.

Егер 3 күннен кейін бос орындар болса, жүйе кезекте тұрған

барлық пайдаланушыларға қол жетімділікті ашады. Олар бұл бос орындарды баласының жас тобына сәйкес «кім бірінші, ол жетістікке жетті» қағидасы бойынша таңдай алады.

Балабақшаға кезек жанбайды. Егер сіздің кезегіңіз келіп, оны қандай да бір себептермен қолдана алмасаңыз, сіз жай біреудің алдыңыздан өтіп кетуіне жол бересіз.

**\*Балабақшаға жолдаманы қалай алуға болады?**

Баланы балабақшаға тіркеу үшін жолдама қажет. Баланың кезегі келгеннен кейін онлайн-қызметтер арқылы сіз балабақшаны таңдауға қол жеткізесіз, ал егер қалаған жерінде орындар болса, оқуға түсуге жолдама аласыз.

Тіркеу мерзімі - 5 жұмыс күні. Егер 5 күн ішінде жолдама балабақшаның электронды жүйесінде тіркелмесе, ол мерзімі өткен болып саналады. Бұл жағдайда жолдаманың күші жойылып, 10 күнге аялдамалар тізіміне енгізіледі. Стоп тізімінде болған кезде сіз бос орындарды бөлуге қатыса алмайсыз.

Indigo24.kz веб-сайты арқылы анықтама алу тәртібі

«Жолдаманы алу» командасын таңдаңыз;

баланың ЖСН-ін көрсетіңіз және балабақшада тәрбиелеу тілін таңдаңыз, «Бос орындар іздеу» батырмасын басыңыз;

Жүйе сіздің балаңызға жасына сай келетін топтары бар барлық балабақшаларды көрсетеді;

Бос орындар тізімін зерделеу, балабақша мен қабылдау тобын таңдау;

«Жолдаманы алу» батырмасын басыңыз;

«Таңдалған орын» блогында сіз таңдаған мектепке дейінгі мекеме туралы ақпарат көрсетіледі. Барлығының дұрыс екендігіне көз жеткізіңіз;

« тініште көрсетілген телефон» өрісіне өтінім беру кезінде енгізген телефон нөмірін енгізу қажет;

Егер бәрі дұрыс жасалса, өтініште көрсетілген телефон нөміріне электрондық жолдама алғаныңыз туралы хабарлама жіберіледі.

Balabaqsha.open-almaty.kz веб-сайты арқылы жолдама алу тәртібі

жеке кабинетіңізді ЭЦҚ көмегімен енгізу қажет;

Авторизациядан өткеннен кейін, негізгі мәзірден « тінімдер журналы» бөлімін таңдаңыз «Назар аударыңыз! Кезекке тұру

туралы өтініш баланың кезегіне тікелей жүгінген тініш беруші-де ғана көрсетіледі. Егер сіз баланың ата-анасы болсаңыз, бірақ сіздің өтінішіңіз көрінбейтін болса, сіз өзіңіздің жеке кабинетіңізде өтінішті ЖСН-ге байланыстыра аласыз);»

Әрі қарай, қосымшаны ашу үшін өтінім жолын басу керек;

Мектепке дейінгі ұйымдардағы бос орындардың тізімін көру үшін «Балабақшаны таңдау» батырмасын басу керек» «Мемлекеттік балабақшаны таңдау» батырмасы келесі жағдайларда шығады:

1. Кезек келді;
2. Еркін таңдау мүмкіндігі бар орындарға байланысты.

Назар аударыңыз!

Кезек келгенде, сіз электронды поштаға және телефон нөміріне хабарлама жіберіледі, бұл кезек келді және өтінімнің мәртебесі «Хабарлама жіберілді» болып өзгереді (орындардағы жарияланымдар туралы хабарламалар тегін таңдау жіберілмейді)

Егер бала мектепке дейінгі ұйымдардың бірінде тізімде болса, басқа мектепке дейінгі ұйымға жолдама алу мүмкін емес. Мектепке дейінгі ұйымға жолдама алу үшін электронды түрде тексеру қажет;

Содан кейін қалқымалы хабарландыру терезесі көрсетіледі. Қол жетімді орындардың тізімін көру үшін «ОК» батырмасын басу керек «Назар аударыңыз! Егер өтініш беруші балабақшаны таңдамаса және 3 жұмыс күні ішінде жолдама алмаса, онда бұл топ кезекке тұрғандардың барлығына топтың жылына сәйкес қол жетімді болады. Сонымен қатар, балабақша таңдамаған бұл өтініш беруші кезекте қалады»;

Келесі қадам - ашылмалы тізімнен лайықты балабақшаны таңдау;

Мектепке дейінгі ұйымды таңдағаннан кейін «Қол қою және жіберу» батырмасын басып, ЭСҚ сертификатын жүктеу қажет;

Әрі қарай «Жалпы құжаттар» қойындысындағы тініштер журналында сіз мектепке дейінгі ұйымға жолдаманы қарап, жүктеуі аласыз.

Балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау

Балабақшаға тек негізгі топтау жүргізілген жазда ғана емес, сонымен қатар жыл бойына жазылуға болады.

\*Тіркеу үшін келесі құжаттармен бірге балабақшаға бару керек: Оқуға түсу үшін жолдама (берілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жарамды).

Ата-аналарының біреуінің немесе заңды өкілдерінің жеке басын куәландыратын құжат.

Баланың туу туралы куәлігі.

Баланың денсаулық паспорты.

Баланың денсаулығы туралы анықтама.

Психологиялық-педагогикалық консультацияның қорытындысы (ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған).

Бұл құжаттар тізімі барлық типтегі мектепке дейінгі ұйымдар үшін толық және толық болып табылады. Бұл дегеніміз, мемлекеттік немесе жеке балабақшаның баланы қабылдау кезінде басқа құжаттар талап етуге құқығы жоқ.

Egov.kz

## Жарамсыз деп танылсын

\*\*\* Утерянную Устав Частное учреждение «Центр урегулирования споров «Медиация и переговорный процесс» (БИН 180240040635) считать недействительной.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

“Sinooil” ЖШС ШФ Шымкент қ., Тұран ауданы, Ташкент тас жолы, гимарат 96 мекенжайында орналасқан №21 жанармай құю бекеті үшін қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (ecorportal.kz) 11 қыркүйек айында қолжетімді болады.

Ескертулер және ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық почтасы және почталық мекенжайы: e.musabai@shymkent.gov.kz, 160000, Шымкент қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 10.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ШФ ТОО «Sinooil», сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел охрана окружающей среды для автозаправочной станции АЗС №21 расположенной по адресу: г.Шымкент, Туранский район, Ташкентская трасса, зд.96.

Проектная документация будет доступна на Едином экологическом портале (ecorportal.kz) с 11 сентября.

Замечания и предложения принимаются в течении 5 рабочих дней.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: e.musabai@shymkent.gov.kz, 160000, г.Шымкент, пр. Н.Назарбаева, №10.



## Открылось наследство

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Абдихана Азамата Азизулы, умершего 22.03.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Маханбетовой К.Т. г.Шымкент мкр.Терискей дом 2 кв.1,2.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Лысенко Натальи Александровны, умершей 09.04.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Ешаевой Г.Д. г.Шымкент мкр.Восток 116/1 тел. 8-771-685-75-23.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Мусолова Максима Андреевича, умершего 24.07.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Борыкбаевой А.М. г.Шымкент ул.Иляева 29 тел. 8-701-427-47-72.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Худайбергеновой Ирисаи, умершей 15.04.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Боранбетовой С.С. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 436/1 тел. 8-775-969-40-66.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Емельяненко Марии Викторовны, умершей 11.08.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул.Уалиханова 219-41 тел. 8-777-887-47-77.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Торбай Сакий Идрисулы, умершего 24.07.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Жанузак Г.А. г.Шымкент ул.Аскарлова 32 тел. 8-701-753-69-00.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Иззатовой Груханьма Азизовны, умершей 12.03.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Рашитовой В.В. г.Шымкент ул.Гагарина 54 тел. 8-701-340-92-97.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Десамидзе Отара Яшаевича, умершего 20.03.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Умаровой А.С. г.Шымкент ул.Мангельдина 42-101 тел. 8-701-405-34-45.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Шаймардановой Алии Ганифовны, умершей 16.08.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Ешаевой Г.Д. г.Шымкент мкр.Восток 116/1 тел. 8-771-685-75-23.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Беседина Владимира Витальевича, умершего 11.08.2024 г. Наследникам обратиться к нотариусу Сапаргадиевой Ш.Б. г.Шымкент ул.Иляева 2-19. тел. 8-701-655-06-70.

\*\*\* Открылось наследство после смерти

гр. Даулетова Асилбека Сихимбаевича, умершего 07.06.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Тулеметова 35 тел. 8-707-848-38-58.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Носова Юрия Николаевича, умершего 14.08.2019г. Наследникам обратиться к нотариусу Батыршаевой К.Ж. г.Шымкент ул.Туркестанская 2/3 тел. 8-701-717-38-91.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Ергешева Турсумата Ирисметовича, умершего 02.05.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Ескерову Т. г.Шымкент пр.Абая 11 тел. 8-701-505-88-98.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Гисматулина Чингиза Назымовича, умершего 01.03.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Ескерову Т. г.Шымкент пр.Абая 11 тел. 8-701-505-88-98.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Артыкбая Мадисалдатулы, умершего 13.06.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Сарсенбаевой М.Ш. г.Шымкент мкр.Нурсат 12-1 тел. 8-701-741-94-45

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Абдусаттарова Абдугали Утегеновича, умершего 29.02.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Тулеметова 35 тел. 8-707-848-38-58.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Юсупова Жанполата Аманбаевича, умершего 26.07.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Сарсенбаевой М.Ш. г.Шымкент мкр.Нурсат 12 тел. 8-701-741-94-45.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Абдусаттарова Талгата Абдуманнабовича, умершего 08.12.2023г. Наследникам обратиться к но-

тариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр.Нурсат 39/1 тел. 8-777-686-66-13.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Пак Гарольд Вонченовича, умершего 10.08.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Сулеймен С.У. г.Шымкент мкр. Отырар 59-26 тел. 8-778-402-83-83.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Ким Раисы, умершей 28.07.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Сулеймен С.У. г.Шымкент мкр. Отырар 59-26. тел. 8-778-402-83-83.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Шекербекова Каната Бахытовича, умершего 10.08.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Богановой А.А. г.Шымкент ул.Тыныбаева 28 тел. 8-701-741-79-53.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Першанина Ивана Николаевича, умершего 21.12.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Джанизаковой Н.Р. г.Шымкент ул.Желтоксан 7 тел.8-701-222-42-83.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Першаниной Екатерины Дмитриевны, умершей 29.11.2005г. Наследникам обратиться к нотариусу Джанизаковой Н.Р. г.Шымкент ул.Желтоксан 7 тел. 8-701-222-42-83.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Килибаева Мухтархана Нурмахановича, умершего 05.02.2012г. Наследникам обратиться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Жапиевой Кутпинисы Мирзакаримовны, умершей 19.02.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Оспановой А.Ж. г.Шымкент пр.Республики 21-34. тел. 8-707-616-49-34.

\*\*\* Открылось наследство

после смерти гр.Удиевой Арухы Зияудиновны, умершей 05.03.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Сазанбаевой Р.Т. Туркестан. обл. г.Ленгер ул. Бектайулы 74 тел. 8-708-931-26-53.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Кандазаева Серика Тастемировича, умершего 01.06.2024г. Наследникам обратиться к нотариусу Утеевой Д. г.Шымкент ул.Гагарина 143/11 тел. 8-778-400-87-03.

\*\*\* Открылось наследство после смерти гр. Тулембаева Нуралы Кыдырбаевича, умершего 29.12.2023г. Наследникам обратиться к нотариусу Жанузак Г.А. г.Шымкент ул.Аскарлова 32 тел. 8-701-753-69-00.

